



Тұрғындар  
тілегі  
таразыланды

2-бет

Спорт  
журналистикасының  
сардары

4-бет

Қазақтың  
«Керей ханы»

8-бет

## Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгінгі таңда қазіргі қоғамды сапалы және сенімді ақпаратсыз елестету мүмкін емес. Сіздер кун сайын оқиғалардың ортасында, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін жедел жариялап, мемлекетіміздің жетістіктері туралы айтып, өзекті тақырыптарды көтересіздер. Осы арқылы мемлекет пен қоғам арасындағы ашық диалогтың қалыптасуына ықпал етесіздер.

Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен жауапкершіліктеріңіздің арқасында өңір тұрғындары болып жатқан оқиғалар туралы объективті ақпаратты уақытылы алады. Сіздердің еңбектеріңіз терең білім мен шығармашылықты ғана емес, сонымен қатар, жоғары азаматтық жауапкершілікті, адалдықты және мамандыққа адалдықты қажет етеді.

Осы орайда, отандық бұқаралық ақпарат құралдарын дамытудың берік іргетасын қалап, журналистердің жас буынын тәрбиелеген журналистика саласы ардагерлерінің елеулі еңбегін де айта кеткен жөн.

Біздің облыстың медиа кеңістігінде өз ісіне шын жүректен берілген талантты мамандардың жұмыс жасайтыны қуантанды. Сіздердің белсенді өмірлік ұстанымдарыңыз және туған өлкенің тағдырына бейжай қарамауларыңыз қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтудың маңызды факторы болып табылады.

Мереке күні сіздерге зор денсаулық, бақыт, амандық, сарқылмас шабыт, жаңа шығармашылық жетістіктер мен қызықты жобалар мен кәсіби табыстарды тілейміз. Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,  
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,  
Қарағанды облыстық  
мәслихатының төрағасы

• САЛТАНАТ

## Қаламгерлер құрмет төрінде



Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында журналистер қауымына айрықша құрмет көрсетілді. Ерекше мамандық нелеріне мемлекеттік және ведомстволық наградалар, облыс әкімінің дәстүрлі «Алтын сұңқар» сыйлығы табысталды. Ал, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес өңірде алғаш рет қос жас журналистке пәтер кілті тапсырылды. Салтанатты жиында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, олардың қоғамдағы орны мен жауапкершілігіне алғаусыз алғысын білдірді.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бүгінде ақпарат тарату бұрынғыдан әлдеқайда жеңілдеді. Әлеуметтік желілерде әр адам өз пікірін айтып, болып жатқан оқиғаларға жеке бағасын бере алады. Алайда, кез келген пікір ақиқат бола бермейді. Жалған ақпарат қоғамды адастырып, ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіретінін жақсы білесіздер. Сондықтан, журналистің басты міндеті – қандай да

бір көзқарастың ықпалына ермей, шындық пен жалғанды ажырата білу, әрбір деректі мұқият тексеріп, қоғамға нақты әрі объективті ақпарат ұсыну. Нағыз журналистика өз миссиясын эмоцияға емес, дәлелге, жорамалға емес, нақты фактіге сүйенген кезде ғана толық орындайды, – деді өңір басшысы өзінің алғы сөзінде.

Өңір басшысы халық Конституциясын қабылдау жөніндегі жалпыұлттық референдумға дайындық кезеңінде Қарағанды облысының бұқаралық

ақпарат құралдары кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізгенін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, дәл осы кезеңде журналистер қоғам мен мемлекет арасындағы маңызды байланысты қамтамасыз етіп, азаматтарға жан-жақты әрі шынайы ақпарат жеткізу арқылы жауапты миссия атқарды. Ермағанбет Бөлекпаев 1 шілдеден бастап күшіне енетін халық Конституциясының негізгі жаңашылдықтарын елге кенінен түсіндіруде, құқықтық сауаттылықты арттыруда және қоғамдағы құқықтық мәдениетті нығайтуда журналистер қауымының рөлі алдағы уақытта да айрықша болатынын айтты. Өңір басшысы ақпарат кеңістігіндегі кәсібилік, объективтілік пен азаматтық жауапкершілік қағидаттарына адал журналистер бұл маңызды іске өздерінің елеулі үлесін қоса беретініне сенім білдірді. Бүгінде Қарағанды облысының

ақпарат кеңістігі қарқынды дамып келеді. Өңірде 180-нен астам бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істесе, олардың 90 пайыздан астамын мемлекеттік емес медиа ұйымдар құрайды. Бұл өңірдегі сөз бостандығының, ақпараттық эрландықтың және тәуелсіз журналистиканың орнықты дамып келе жатқанын айғақтайды.

Ақпарат саласындағы жемісті еңбегі мен отандық бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына қосқан өлшеусіз үлесі үшін облыстық «Орталық Қазақстан» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Еркін Мұсабек Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері» ведомстволық төсбелгісімен марапатталды. Маңызы жоғары марапат – журналистің қажырлы еңбегі мен ұлттық баспасөзді дамыту жолындағы кәсіби қызметіне берілген жоғары баға.

► 2-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Құрметтің шапағаты

Өңір журналистикасының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген бірқатар БАҚ өкілдері мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында «Сауатқа арағат» медиахолдингінің қызметкерлері де бар. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторының міндетін атқарушы Станислав Песнев журналистика саласындағы жемісті еңбегі үшін «Құрмет» орденімен наградалды. Ал, «Life09» ақпарат агенттігінің редакторы Аяжан Мақан ақпарат саласындағы кәсіби шеберлігі үшін Мемлекет басшысының қолынан «Шапағат» медалін алды.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Станислав Альбертовичтің журналистикадағы еңбек жолы 1991 жылы басталды. Ал, 2007 жылы облыстық «Индустриальная Караганда» газетіне қызметке шақырылып, бас редактордың орынбасары болып тағайындалған. Содан бері аталған басылымда табанды еңбек етіп, өңірлік журналистиканың дамуына елеулі үлес қосып келеді. Көпжылдық кәсіби еңбегі мен ақпарат саласын дамытуға қосқан үлесі үшін «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Биыл

Мемлекет басшысының Жарлығымен «Құрмет» орденіне ие болып, журналистикадағы еселі еңбегі жоғары деңгейде бағаланып отыр.

– Мемлекет басшысы мен облыс басшылығы тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау мен қамқорлықты сезіну – біз үшін үлкен мәртебе әрі зор қуаныш. Бұл – еңбегімізге берілген жоғары баға. Журналистика – жанашыр, қоғам тағдырына жауапкершілікпен қарайтын жандардың мамандығы. Біз оқырмандарымыз үшін еңбек етеміз! – деді Станислав Альбертович.

Аяжан Мақанның ақпарат саласындағы еңбек жолына он жылдан асқан. Жур-



налистикадағы кәсіби қызметін «Бірінші Қарағанды» телеарнасынан бастап, осы



уақыт ішінде өзін білікті әрі ізденімпаз маман ретінде таныта білді.

Оның жетекшілігімен және авторлығымен жүзеге асқан «Топ 7», «Life айтады», «Сауатқа сөйледі», «Ne Angime», «Где-где, в Караганде?» сынды танымдық әрі қоғамдық-саяси жобалар көрерменнің ықыласына бөленіп, өз аудиториясын қалыптастырып үлгерген. Кәсібіне деген адалдығы мен тынымсыз ізденісінің нәтижесінде Аяжан Ерлыққызы журналистер арасындағы түрлі облыстық және республикалық байқауда бірнеше мәрте үздіктер қатарынан көрінді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Шапағат» медалін алу – мен үшін үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Бұл марапатты өзімнің ғана емес, өңірлік журналистиканың, әріптестерімнің және ақпарат саласында аянбай еңбек етіп жүрген барлық журналистердің еңбегіне көрсетілген құрмет деп қабылдаймын, – деді Аяжан Ерлыққызы.

Әріптестерімізді жоғары мемлекеттік наградаларымен шын жүректен құттықтап, шығармашылық табыс, тың бастамалар мен толайым жетістік тілейміз!

## Қаламгерлер құрмет төрінде



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, аталған газеттің бас редакторының орынбасары Қызғалдақ Айтжан Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, кәсіби журналистикадағы көп жылғы қажыр-қайраты үшін «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері атанды.

Тележурналист Мақсат Бей-



сенаев пен Life 09 ақпарат агенттігінің техникалық қызметкері Дастан Шанин баспана иегерлері атанды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Бүгінгі күн мен үшін тарихи сәт деуге болады. Ауылдан шыққан қарапайым азамат ретінде Президенттің осындай зор ықыласы-

на бөленіп, өңір басшылығының қолдауын сезіну – мен үшін үлкен мәртебе әрі баға жетпес қуаныш, – деді Мақсат Бейсенаев.

Салтанатты жиында облыс әкімінің дәстүрлі «Алтын сұңқар» журналистік байқауының жеңімпаздары да анықталды. Биыл беделді сыйлық жиырмасыншы рет табысталып, мерейтойлық маңызға ие болды. Байқау қорытынды-

сы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының үздік өкілдері он аталым бойынша марапатталды. Номинациялар журналистиканың қоғам алдындағы жауапкершілігін жан-жақты қамтыды. Атап айтқанда, мамандыққа адалдық, құқықтық қоғамды қалыптастыруға қосқан үлес, өңірдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси тыныс-тіршілігін сапалы жариялау, сондай-ақ, заманауи медиаконтент әзірлеу бағытында үздік шыққан журналистер мен шығармашылық ұжымдардың еңбегі жоғары бағаланды.

«Алтын сұңқар» облыстық байқауының қорытындысы бойынша облыс әкімінің «Бейбітшілік пен келісімді нығайтуға қосқан үлесі үшін» аталымындағы сыйлығы «Орталық Қазақстан» газетінің интернет-редакциясының редакторы Аяулым Советке табысталды. Ал, «Life09» ақпарат агенттігінің қазақ редакциясының тілшісі Ақсая Жалғасова да облыс әкімінің «Алтын Сұңқар» сыйлығының «Жыл жаңалығы» аталымының жеңімпазы атанды.

Дәстүрге айналған облыс әкімінің «Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін» арнайы сыйлығы да өз иесін тапты. Өңірдің медиа саласының дамуына елеулі үлес қосып, кәсіби журналистиканың өркендеуіне тұрақты қолдау көрсеткені үшін биылғы мәртебелі марапат «Karaqanda ақпараттық агенттігіне табысталды.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Тұрғындар тілегі таразыланды



Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев азаматтарды жеке қабылдады. Кездесу барысында тұрғындар өмір басшысына күнделікті өмір сапасына, елді мекендерді дамытуға, инфрақұрылым жағдайына және әлеуметтік қолдау алуға қатысты өтініш-тілектерін жеткізді.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalqy Qazaqstan»

Облыс әкімдігінің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, қабылдау барысында аумақтарды абаттандыру, жолдарды жөндеу, қоқыс шығару, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері көтерілді.

Сондай-ақ, тұрғындар сот шешімдерінің орындалуы мен әлеуметтік көмек алу тәртібіне қатысты сауалдарын да қойды. Әлеуметтік қолдау тетіктерінің түсінікті әрі қолжетімді болуы – халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыратын маңызды фактор.

Қабылдауда құрылыс компаниясының қызметіне қатысты мәселе де қаралды. Тұрғындардың бірі тұрғын үй-құрылыс компаниясымен жасалған шарт бұзылғаннан кейін төленген қаражатты қайтаруда қиындық туындағанын жеткізді. Сонымен қатар, жеке қабылдау кезінде кәсіпкерлікті дамытуға байланысты ұсыныс та таныстырылды. Қарағандылық тұрғын өңір басшысына офлайн киім дүкендерін бір платформаға біріктіретін цифрлық жобасын ұсынды. Жоба жергілікті сауда орындарының тауарларын ілгерілетуге, сатып алушылармен байланысын кеңейтуге және шағын бизнестің цифрлық ортаға бейімделуіне мүмкіндік беруге бағытталған.

Бүгінде өңірде кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, шағын және орта бизнестің жаңа форматқа көшуі, цифрлық сервистерді дамы-

ту – маңызды бағыттың бірі. Сондықтан, тұрғындар тарапынан ұсынылған мұндай жобалар жергілікті экономиканы әртарапандыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және отандық сауданың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Жеке қабылдауға салалық басқармалар мен мемлекеттік органдардың басшылары қатысты. Көтерілген мәселелердің бірқатары кездесу барысында түсіндіріліп, шешу жолдары айқындалды. Қалған өтініштер бақылауға алынып, жауапты ведомстволармен бірлесіп пысықталатын болады.

Облыс әкімі жауапты сала басшыларына тұрғындар көтерген мәселелерді заң аясында жан-жақты қарап, нақты шешім қабылдауды тапсырды. Өр өтініш бойынша тиісті жұмыс жүргізіліп, азаматтарға белгіленген тәртіппен жауап беріледі.

Жалпы, мұндай қабылдаулар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын таппақ. Себебі, тұрғындармен тікелей жүздесу – мәселені қағаз жүзінде ғана емес, нақты өмірлік жағдаймен байланыстыра қарауға мүмкіндік береді. Өр өтініштің артында азаматтың алаңы, отбасының мұқтажы, тұтас елді мекеннің ортақ мәселесі тұруы мүмкін. Сондықтан, мұндай кездесулердің маңызы жоғары.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

### МАРАПАТ

## Бірлікті бедерлеген

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында облыстық «Сарыарқа – достық аймағы» этножурналистер байқауының жеңімпаздары марапатталды. Кәсіби мереке қарсаңында өткен салтанатты шарада қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты нығайтуға, мәдени әртүрлілікті дәріптеуге және өңірдегі этномәдени бірлестіктердің қызметін насихаттауға үлес қосып жүрген журналистердің еңбегі еленді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalqy Qazaqstan»

Бүгінде «Сарыарқа – достық аймағы» байқауы жыл сайын жалғасын тауып, игі дәстүрге айналып келеді. Биылғы байқауға өңірлік және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен блогерлерден барлығы 14 өтінім түскен. Қатысушылар этномәдени бірлестіктердің жұмысы, мәдениетаралық диалог, халқымыздың тарихи

және мәдени мұрасын сақтау, қоғамдық келісімді нығайту тақырыптарында әзірленген материалдарын ұсынды.

Өңірдің тыныс-тіршілігін қаламдарыңызға арқау етіп, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, журналистиканың дамуына сүбелі үлес қосып келесіздер. Ақпарат айдынындағы әрбір еңбектеріңіз елдің ертенінен, аймақтың дамуына, қоғамдық пікірдің қалыптасуына қызмет етеді. Сондықтан, кәсіби мереке қарсаңында сіздерге шығар-

машылық табыс, қаламдарыңызға қуат, еңбектеріңізге жеміс тілеймін. Мерейлеріңіз әрдайым үстем болсын, – деді облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов.

Конкурсқа жолданған жұмыстар тақырыптың ашылуы, шығармашылық ізденіс, өзектілік, объективтілік, әлеуметтік маңыздылық және этносаралық қатынастар саласындағы терминологияны дұрыс қолдану талаптары бойынша бағаланды. Қазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар үш негізгі номинация бойынша анықталды.

«Ақпараттық қолдауға деген белсенділігі үшін» номинациясында «Новое телевидение» телеарнасының ұжымы үздік деп танылды. «Бірегейлігі мен креативтілігі үшін» номинациясы-

ның жеңімпазы – «SARYARQA» телеарнасының тележүргізушісі әрі редакторы Жаннұр Сүнде-туллақызы.

Ал, «Шығармашылық шеберлігі үшін» номинациясында «Индустриальная Караганда» газетінің тілшісі Наталья Фомина марапатталды.

Сонымен қатар, тарихи, рухани және мәдени мұраны сақтау мен насихаттауға қосқан үлесі үшін филолог әрі журналист Әлімжан Жақан арнайы шығармашылық «Алтын мұра» номинациясымен марапатталды. Сондай-ақ, облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ баспасөз қызметінің маманы Айым Сырмырзақызы «Қоғамдық келісім» РММ директорының Алғасхаты тапсырылды.

## Дамудың жаңа кезеңі

1 шілде – Қазақстан Республикасының құқықтық даму тарихындағы маңызды күндердің бірі болмақ. Дәл осы күні жалпыхалықтық референдум қорытындысы бойынша қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының жаңа редакциясы күшіне енеді. Бұл – еліміздің мемлекеттік құрылымы мен құқықтық жүйесін жаңғыртуға бағытталған ауқымды реформалардың жаңа кезеңін білдіреді.

Конституцияның жаңартылуы тек мемлекеттік басқару жүйесіне енгізілген өзгерістермен ғана шектелмейді. Оның басты мәні – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара байланысты нығайту, заң үстемдігі мен әділдік қағидаттарын одан әрі дамыту.

Жаңа конституциялық модельде азаматтардың құқықтарын қорғау, қоғамдық тұрақтылықты сақтау және дауларды тиімді шешу мәселелеріне ерекше мән беріледі. Осы тұрғыда медиация институтының ролі арта түседі. Медиация – бұл тек дауды шешудің баламалы тәсілі ғана емес, қоғамдағы өзара түсіністік пен келісім мәдениетін қалыптастыратын маңызды құрал.

Қазіргі таңда қоғамдағы кез келген келіспеушілікті тек сот арқылы шешу міндетті емес. Кей жағдайда тараптардың өзара диалог жүргізуі, бір-бірінің мүддесін ескеруі және ортақ шешімге келуі әлдеқайда тиімді нәтиже береді. Медиация осы қағидаттарға негізделеді: еріктілік, құпиялылық,

тараптардың теңдігі және медиатордың бейтараптығы.

Жаңа Конституция жағдайында медиация институтын дамыту құқықтық мемлекеттің маңызды элементтерінің біріне айналды. Себебі, құқықтық мәдениеті жоғары қоғамда азаматтар тек өз құқықтарын қорғауды ғана емес, сонымен қатар, дауларды өркендетті жолмен шешу жолдарын да білуі қажет.

Медиацияның маңыздылығы әсіресе, еңбек қатынастары, отбасылық мәселелер, азаматтық-құқықтық даулар, кәсіпкерлік саласындағы келіспеушіліктер және әлеуметтік мәселелерді шешуде көрінеді. Оның дамуы сот жүйесіне түсетін жүктемені азайтып қана қоймай, қоғамдағы шиеленістердің алдын алуға, азаматтар арасындағы алтын алуға, азаматты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қарағанды қаласында бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізіліп келеді. «Zolotaya seredina-SM» қоғамдық бірлестігі Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппаратының мемлекеттік әлеуметтік тапсыры-



сы негізінде «Жанжалсыз қоғам: медиация дауларды реттеудің баламалы тәсілі ретінде» жобасын жүзеге асыруда.

Жобаның негізгі мақсаты – тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, медиация институтының мүмкіндіктерін кеңінен түсіндіру, азаматтарға дауларды сотқа жеткізбей шешудің тиімді жолдарын көрсету және қоғамда өзара келісім мен диалог

мәдениетін қалыптастыру.

Жоба аясында ақпараттық-түсіндіру, келелі кездесулер, семинарлар ұйымдастырылып, медиацияның артықшылықтары туралы ақпараттық материалдар дайындалуда. Сонымен қатар, тұрғындарға жанжал жағдайларында құқықтық тұрғыдан дұрыс әрекет ету, тараптардың мүддесін ескере отырып ортақ шешімге келу жолдары түсіндіріледі.

Осындай игі шаралар құқықтық түсіндіру жұмыстарының нәтижелілігін арттырып, тұрғындардың өз құқықтары мен міндеттері туралы білімін жетілдіруге, қоғамдағы дау-жанжалдардың алдын алуға және азаматтар арасында бейбіт келісім мәдениетін қалыптастыруға оң ықпал етеді.

Медиацияны дамыту – тек дауларды шешу тәсілі емес, ол



қоғамдағы тұрақтылықты, өзара құрметті және жауапкершілікті қалыптастыратын маңызды құрал. Осындай жобалардың жүзеге асырылуы жаңа конституциялық кезеңде құқықтық мәдениеті жоғары, келісім мен өзара түсіністікке негізделген қоғам қалыптастыруға өз үлесін қосады.

Жаңа Конституцияның күшіне енуі еліміз үшін жаңа құқықтық кезеңнің басталуын білдіреді. Бұл кезеңде мемлекеттік институттардың тиімділігімен қатар, азаматтардың құқықтық санасы, өзара жауапкершілігі және қоғамдағы диалог мәдениеті ерекше маңызға ие болады.

Сондықтан, медиацияны дамыту – тек дауларды шешудің баламалы механизмі емес, ол қоғамдық келісімді сақтауға, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға және құқықтық мәдениеті жоғары қоғам қалыптастыруға бағытталған маңызды кадам.

Жаңа Конституция – тек жаңа құқықтық нормалар жиынтығы емес, ол азамат пен мемлекет арасындағы өзара сенімге негізделген заманауи құқықтық қоғам құрудың негізі.

Света ШАРДАРБЕКОВА,  
«Zolotaya seredina-SM»  
қоғамдық бірлестігінің  
басшысы

# Еңбек адамының жаңа буыны

Бүгінгі жас буын үшін өндіріс саласы қаншалықты тартымды? Қарағанды сияқты өндірісті өңір үшін бұл – уақыт созырмай жауап іздеуді қажет ететін өзекті сауал. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен басталған «Жұмысшы мамандықтары жылы» – біржылдық науқан емес, еңбек адамының мәртебесін көтеріп, техникалық білімнің маңызын арттыруға бағытталған жүйелі қадам. Сананың жаңғыруы өндірістен басталатынын ескерсек, Арқа жастары нақты секторға баруға дайын ба? Сұрақ пен мәселенің мән-жайын бағамдап көрейік...

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

## Сұраныс бар, кадр тапшы

Кеншілер өңірі үшін өндіріс – экономиканың ғана емес, тұтас еңбек нарығының өзегі. Аймақта кенші, металлургия, энергетика, дәнекерлеуші, инженер секілді мамандықтар қашан да ерекше мәнге ие. Өйткені, өңірдің өндірістік қуаты осы еңбек адамдарының мандай терімен өлшенеді. Дегенмен, уақыт өзгерді. Бүгінгі жас буын мамандық таңдағанда тұрақты жұмысқа ғана емес, табысқа, еңбек жағдайына, қауіпсіздікке, кәсіби өсуге және қоғамдағы беделге де қарайды. Бүгінгі еңбек нарығы дәл осыны талап ететіні хақ.

Қарағанды облысында өндірістік және жұмысшы мамандық иелері ең сұранысқа ие кадрлар қатарында. Облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының еңбек нарығын талдау және мониторинг бөлімінің басшысы Айнагул Ермағанбетованың дерегіне сәйкес, Enebek.kz электрондық еңбек биржасында өңір бойынша 2 281 хабарландыру негізінде 4 614 бос жұмыс орны жарияланған. Оның ішінде өндірістік және жұмысшы мамандықтарға 1000-нан астам вакансия бар. Ұсынылатын жалақы көлемі 150 мың теңгеден 600 мың теңгеге дейін.

Сұранысқа ие мамандықтар қатарында инженер-энергетик, өндіріс инженері, тау-кен инженері, жабдық жөндеу шебері, автоматтандыру инженері, инженер-химик, электрғазбен дәнекерлеуші, оператор, слесарь, қазандық машинисті секілді кәсіптер бар. Өндірістік және жұмысшы мамандықтарға деген сұраныс жоғары, – дейді ол.

Демек, өңірде жұмыс бар. Сұраныс бар. Тіпті, өндірістік мамандықтар бойынша табыс табуын да даңғыл жолы қалыптасқан. Бірақ, мәселе басқа тұста. Еңбек нарығы қажет етіп отырған осы мамандықтарға жастар қаншалықты дайын?

Айнагул Ермағанбетова жастардың өндірістік салаға бірден келе бермеуінің бірнеше себебін атап өтеді. Оның сөзінше, қоғамда «табысты мансап» ұғымы көбіне кеңсе жұмысы, жоғары білім, IT немесе бизнеспен байланыстырылып келеді. Қазіргі жастар жылдам әрі жоғары табыс күтеді. Ал, өндірісте табыс көбіне тәжірибемен, кәсіби дағдымен және уақытпен бірге өседі. Осы арада жастардың күткені мен еңбек нарығының шынайы талабы арасында алшақтық пайда болады.

Тағы бір себеп – өндіріс туралы ескі түсінік. Көпшілік оны физикалық жүктемесі көп, ауысымды кестесі бар, шу және белгілі бір тәуекелдермен байланысты сала ретінде елестетеді. Қашықтан жұмыс, икемді кесте, жайлы кеңсе, стартап секілді ұғымдар кең тараған заманда өндіріс жастарға тартымсыз орта болып көрінуі мүмкін. Алайда, қазіргі өндіріс бұрынғыдан әлдеқайда өзгерген. Зауыттар мен кәсіпорындарда автоматтандыру, цифрлық басқару, жаңа технологиялар енгізіліп, жұмысшы мамандықтардың мазмұны да күрделеніп, кәсіби талаптары артты.

Осы тұста басты мәселе айқындалса керек. Жастар өндірістен емес, өндіріс туралы ескі



түсініктен қашады. Сондықтан, жастарға өндірістің бүгінгі келбетін көрсету, нақты кәсіпорымен таныстыру, еңбек жағдайы мен кәсіби өсу жолын түсіндіру – жұмысшы мамандықтардың беделін арттырудағы негізгі міндеттің бірі.

## Жастар таңдауы нені аңғартады?

Жастардың өндірістік мамандықтарға көзқарасы тек еңбек нарығындағы сұраныспен ғана өлшенбейді. Бұл – құндылық және кәсіби бағдар мәселесі.

Қарағанды облысының жастар ресурстық орталығының директоры Аслан Қабегеновтің айтуынша, жастар арасында өндірістік мамандықтардың беделі қазіргі таңда тұрақты деңгейде. Соңғы жылдары бұл бағытта оң өзгерістер байқалады. Әсіресе, Жұмысшы мамандықтар жылы өндірістік және техникалық мамандықтарға деген қызығушылықтың артуына ықпал еткен.

Жастар арасында өндірістік мамандықтардың беделі қазіргі таңда тұрақты деңгейде. Соңғы жылдары бұл бағытта оң өзгерістер байқалауда. Әсіресе, былтырғы жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жариялануы – бұл салаға ерекше серпін беріп, өндірістік және техникалық мамандықтарға деген қызығушылықтың артуына ықпал етті. Дегенмен, жастардың таңдауына әсер ететін басқа да себептер баршылық. Соның бірі – әлеуметтік желі. Қазіргі буын Instagram, TikTok секілді әлеуметтік желі арқылы жұмыс, табыс, өмір салты туралы түрлі түсінік қалыптастырады. Онда көбіне жеңіл, еркін, сәнді әрі жоғары табысты жұмыс үлгілері көбірек көрінеді. Мұндай көрініс өндіріс, зауыт, шахта, техникалық еңбек сияқты салаларды екінші қатарға ысырып тастауы мүмкін, – дейді Аслан Берікбекұлы.

Сондай-ақ, жастар жұмысқа кіріскен алғашқы күннен-ақ, жоғары жалақы алғысы келеді. Бірақ, кез келген салада кәсіби деңгейге жету үшін уақыт, тәжірибе және нақты дағды қажет. Өндіріс те сондай. Мұнда табыс бірден емес, біліктілікпен, жауапкершілікпен, еңбек тәртібімен және тәжірибемен бірге өседі.



Осы тұрғыдан алғанда, жастардың өндіріс саласына тарту үшін құр насихат жеткіліксіз. Оларға өндірістің нақты мүмкіндігін көрсету, табысты жұмысшы мамандармен кездестіру, кәсіпорын ішіндегі процесті таныстыру, техникалық мамандықтардың бүгінгі мазмұнын түсіндіру маңызды.

Бұл бағытта өңірде бірқатар ішкі іс жүргізіліп келеді. Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы мен облыстық жастар ресурстық орталығының бастамасымен өндіріс саласын насихаттауға арналған түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылған. Олардың қатарында «Жұмысшы мамандықтар жылы: болашақ – шеберлікте» форумы, жастар арасындағы бос жұмыс орындарының облыстық жәрмеңкесі, «JastarX» диалогтық алаңы, сту-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Қарағанды техникалық университетінің түлегі Әлішер Секен де мұны өз тәжірибесімен байланыстырады. Оның айтуынша, жастардың бір бөлігі техникалық немесе өндірістік бағытқа әу баста саналы қызығушылықпен емес, грант мүмкіндігі үшін түседі. Бірақ, оқу барысында, әсіресе, өндірістік іс-тәжірибе кезінде көзқарас өзгеруі мүмкін.

Шыны керек, жоғары оқу орнына, оның ішінде тау-кен өндірісі бағытына жастардың көбі грант бар болған соң түсетіні жасырын емес. Өзім де бастапқыда осы оймен таңдаған едім. Өйткенмен, оқу барысында, әсіресе, өндірістік іс-тәжірибеден нақты өндіріс ошақтарында өткен кезде бұл салаға деген көзқарасым өзгерді. Өндірістің ішкі тәртібін, маман еңбегінің жауапкершілігін көріп, қызығушылығым арта бастады. Жуырда дипломымды алдым. Қазір мамандығым бойынша бос жұмыс орындарын қарап жүрмін. Мен үшін ең маңыздысы – бірден жоғары жалақы емес, ең әуелі қабілетімді шындап, тәжірибе жинақтау. Алдағысын уақыт көрсетер, – дейді Әлішер Секен.

Бұл пікір жастардың өндірістік салаға қатысын біржақты бағалауға болмайтынын көрсетеді. Өліштердің сөзінде тағы бір маңызды ой бар. Ол үшін алғашқы кезеңде жалақыдан бұрын тәжірибе мен кәсіби қалыптасу маңызды.

Демек, жастарды өндіріске тартудың ең тиімді жолдарының бірі – оларды нақты өндіріс ортасымен ертерек таныстыру. Университет пен колледж қабырғасындағы теория кәсіпорындағы тәжірибемен ұштаспаса, жас маман өз таңдауының мәнін толық сезіне алмауы мүмкін.

## Еңбек беделі неден басталады?

Жастарды өндірістік салаға тарту үшін ең алдымен, өндіріс туралы қалыптасқан ескі түсінікті өзгерту қажет. Бұл тек ақпараттық науқанмен шектелмейді. Мектеп қабырғасынан бастап жүйелі кәсіптік бағдар жүргізу, оқушылар мен студенттерді нақты кәсіпорындарға апару, жұмысшы мамандардың еңбек жолын көрсету, өндірістегі заманауи технологиялармен таныстыру маңызды.

Бүгінгі жас үшін мамандықтың атауы ғана жеткіліксіз. Ол сол мамандықпен ертең қайда жұмыс істейтінін, қанша табыс таба алатынын, қандай ортада еңбек ететінін, кәсіби тұрғыда қалай өсетінін білгісі келеді. Сондықтан, кәсіпорындар да жастармен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін қалыптастыруы тиіс. Жалақы, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік пакет, тәлімгерлік, мансаптық өсу мүмкіндігі туралы ашық ақпарат беріле, өндірістік мамандықтардың тартымдылығы арта түсері анық.

Бұл ретте оқу орындары мен өндіріс кәсіпорындарының байланысы шешуші рөл атқарады. Дуальды оқыту жүйесі, өндірістік практика, жұмыс берушілермен бірлескен білім бағдарламалары қағаз жүзіндегі әріптестік күйінде қалмауы керек. Студент нақты өндіріс үдерісіне араласып, өз мамандығының мазмұнын ерте түсінгенде ғана еңбек нарығына сенімді қадам жасайды.


Мемлекет басшысының жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру жөніндегі тапсырмасының мәні де осында. Бұл бастама жастарды бір салаға жаппай бағыттау емес, еңбек адамына деген қоғамдық көзқарасты жаңарту, нақты секторға қажетті кадр даярлау және жастарға тұрақты кәсіби жол ұсыну мақсатын көздейді. Қарағанды сияқты өндірісті өңір үшін бұл – айрықша маңызды міндет.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

# Көше шамдары жаңартылды

Өңірде тұрғындардың қауіпсіздігін арттырып, ауылдардың инженерлік инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған жобалардың қатары жыл санап артып келеді. Атап айтсақ, шалғай ауылдарда көше жарығын жаңғырту жұмыстары кезек-кезеңімен жалғасып, бүгінде ел игілігін көруде. Осындай жұмыстардың бірі Бұқар жырау ауданындағы Новоузенка ауылында жүзеге асты.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аудан әкімдігінің ресми мәліметіне сүйенсек, Атасу және Новоузенская көшесіндегі ескірген көше жарығы жүйесі толық жаңартылған. Тозығы жеткен бағаналар сүріліп, орнына заманауи үлгідегі 50 жаңа тірек орнатылған. Әрі әрқайсысына энергия үнемдейтін жарық шамдары қойылыпты. Жаңғырту нәтижесінде көшелердің жарықтандырылу сапасы жақсарып, тұрғындардың кешкі және түнгі уақытта қауіпсіз жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасалған. Бүгінде атқарылған жұмыстар электрмен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттырып, ауылдың коммуналдық инфрақұрылымының сапасын жақсартуға мүмкіндік беріп отыр.

Сурет аудан әкімдігінің әлеуметтік желідегі парақшасынан

## РЕСМИ

# eGov Mobile арқылы рәсімдей аласыз

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ қазакстандықтар үшін жаңа мүмкіндікті іске қосты. Енді жылжымайтын мүлікке арналған техникалық паспортты eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы рәсімдеуге болады.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін бұл мемлекеттік қызмет eGov.kz порталында жаңартылған болатын. Енді азаматтар техникалық паспортты компьютерсіз-ақ, смартфон арқылы да оңай рәсімдей алады.

eGov Mobile арқылы қызметті алу тәртібі арнайы дайындалған бейнероликте көрсетілген. Ал, eGov.kz порталы арқылы қызмет алу үшін:

Басты беттен «Азаматтарға» – «Жылжымайтын мүлік» бөліміне өтіңіз;

«Тұрғын үй қатынастары» бөлімінен «Жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорт беру» қызметін таңданыз;

Қажетті мәліметтерді толтырыңыз;

Өтінімге ЭЦҚ арқылы қол қойып, нәтижесін жеке кабинеттен алыңыз.

Жаңа мүмкіндік мемлекеттік қызметтерді алу процесін жеңілдетіп, азаматтардың уақытын үнемдеуге бағытталған.

• ЖУРНАЛИСТ, БЕЛГІЛІ ҚАЛАМҒЕР НҰРҒАЗЫ САСАЕВ – 60 ЖАСТА

## Спорт журналистикасының сардары

Биыл қазақ спорт журналистикасының белгілі өкілі, Қазақстан спорт журналистері қауымдастығының вице-президенті, Сейдахмет Бердіқұл атындағы сыйлықтың лауреаты, Халықаралық спорт басылымдары қауымдастығының мүшесі Нұрғазы Сасаев 60 жасқа келеді. Бұл – бір адамның ғана емес, қазақ спорт журналистикасының да мерейлі белесі. Журналистің өмір жолына көз жүгірткенде, оның тағдыры туған жердің кеңінінен басталып, әлемдік спорт ареналарына дейін жалғасқанын аңғарамыз. Саяқтың самалынан қуат алған қарапайым ауыл баласы уақыт өте келе, Олимпиада ойындарының, Азия додаларының куәгеріне айналып, қазақ оқырманына дүниежүзілік спорттың тынысын ана тілінде жеткізді.



Нұрғазы САСАЕВ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұрғазы Жаппарұлы 1966 жылдың 30 қарашасында Қарағанды облысындағы Саяқ-3 ауылында дүниеге келген. Балалық шағы мен мектеп жылдары Саяқ өңірінде өтіп, туған жердің табиғаты мен еңбек адамдарының тағдыры оның азаматтық көзқарасының қалыптасуына әрекше әсер етті. Орта білім алғаннан кейін әскери борышын Хабаровск өлкесінің Амур ауданында өтеп, өмір мектебінен шыңдалып оралды. Жастайынан ізденімпаздық пен еңбекқорлықты серік еткен ол Қарағанды политехникалық институтында білім алып, «Тау-кен геологиясы және маркшейдерлік іс» мамандығы бойынша диплом иеленді. Студенттік шақтағы өндірістік тәжірибелерін туған жеріндегі Саяқ кенішінің «Тастау» карьерінде өткізіп, өндіріс тынысын терең меңгерді. Еңбек жолын «Шұбаркөл» кенішінде бастап, көмір қоймасында ауысым мастері болып қызмет атқарды. Кейін Балқаш бағалы металдар зауытының арфинаж цехында жұмыс істеді. Алайда, оның жүрегі журналистикаға деген құштарлық әлдеқашан баурап алған еді. Студенттік кезеңнен бастап, облыстық

және республикалық басылымдарға мақалалар жолдап жүрген жас талаптың қармын тәжірибелі журналистер ерте аңғарды. Оның «Азия-Транзит» басылымында жарық көрген мақалаларының бірі бас редактор Айтбай Сәулебектің назарын аударып, ол арнайы іздеп келіп, болашағын зор үміт күтетін жас журналисті Балқаштағы әріптестеріне таныстырады. Осылайша, Нұрғазы Жаппарұлы 1998 жылдың 20 маусымында «Балқаш өңірі» газетінде кәсіби журналистік жолын бастайды.

Бұл басылымда ол белгілі журналистер Оралбек Жүнісұлы мен Қуандық Сәденовтің тәлімін алып, қаламгерлік шеберлігін шыңдайды. «Балқаш өңірі» газетінде тілші бола жүріп, қалам қуатымен республикаға таныла бастады. 2000 жылы көрнекті спорт қайраткері Несіп Жүнісбайұлының арнайы шақыртуымен Алматыға қоныс аударып, республикалық «Sport» газетінде қызмет атқарды. Осы уақыттан бастап, оның есімі қазақ спорт журналистикасымен тығыз байланыста атала бастады. 2004 жылы жаңадан құрылған «Айқын» қоғамдық-саяси газетінің спорт бөлімін басқарса, 2009 жылдан бастап «Алаш айнасы» газетінің спорт бөлімінің жетекшісі болды. Бұл жылдарда ол еліміздің белгілі журналистері мен қа-

ламгерлері Ерлан Бекхожин, Бауыржан Омаров, Нұртөре Жүсіп, Серік Жанболат, Әділбек Қаба секілді тұлғалармен бірге қызмет етіп, олардың кәсіби тәжірибесі мен тағылымын бойына сіңірді.

Нұрғазы Сасаевтың журналистік қолтаңбасын даралайтын басты ерекшелік – жеделдік пен терең талдаудың үйлесімі. Ол спорт әлеміндегі жаңалықтарды құрғақ ақпарат күйінде жеткізумен шектелмей, әдеби тілдің өрнегімен көркемдеп, оқырманға әсерлі етіп ұсынуды мақсат тұтты. Сондықтан, оның мақалалары спорт сүйер қауымның ғана емес, жалпы оқырманның қызығушылығын тудырып келеді. 2016 жылы елордаға қоныс аударып, Астана футбол федерациясының ресми сайтында редактор болып қызмет атқарды. Қазақ тіліндегі бөлімнің мазмұнын байытып, сапалы ақпарат таратуға үлес қосты. Сонымен қатар, кәсіпқой бокстағы отандық промоутерлік компанияларға ақпараттық қолдау көрсетіп, республикалық газет-журналдар мен электронды ақпарат құралдарында спорт сарапшысы ретінде тұрақты түрде мақалалар жариялап келеді.

Нұрғазы Жаппарұлының кәсіби ғұмыры халықаралық спорт ареналарымен де тығыз байланысты. Ол қысқы және жазғы Олимпиада ойындарына, Азия ойындарына қатысып, әлемдік деңгейдегі жарыстардан тікелей ақпарат таратты. Қазақстан ұлттық құрамаларымен бірге көптеген мемлекеттерге сапар шегіп, жарыс алаңдарынан жедел репортаждар әзірледі. Оның мақалалары мен сараптамалары оқырманды оқиға ортасына жетелеп, спорттың шынайы атмосферасын сезіндіре білді. Қазақ спорт журналистикасын дамыту жолындағы еңбегі жоғары бағаланып, 2003 жылы Қазақстан спорт журналистикасының негізін қалаушы Сейдахмет Бердіқұл атындағы сыйлықтың лауреаты атанды. Кейін Қазақстан спорт журналистері қауымдастығының вице-президенті болып сайланып, Халықаралық спорт басылымдары қауымдастығына мүшелікке қабылданды.

Алпыс жас – асу. Бірақ, бұл белес Нұрғазы Жаппарұлы үшін тоқмейілісінге жеңе емес, тәжірибесі толысқан, ойы кемелденген жана кезеңнің бастауы іспетті. Өйткені, спорт өзгерген сайын оны саралайтын, оның тарихын хаттайтын қалам иелеріне де сұраныс арта береді. Сол биіктен қарағанда, Нұрғазы Жаппарұлының қазақ спорт журналистикасында қалдырған қолтаңбасы мен қалыптастырған мектебі кейінгі буын үшін құнды мұра болып қала бермек.

Сурет кейінкердің жеке мұрағатынан

• ҚҰТТЫ ШАҢЫРАҚ

## Мамандар ұстаханасы

Уақыт шіркін тоқтаусыз зырғып, замана көші ілгері жылжыған сайын қоғамның тыныс-тіршілігін, ұлттың үні мен жүрек дүрсілін дөп басып, тарих тақтасына таңбалайтын бірден-бір құдірет – сөз өнері екені даусыз. Қаламның ұшы мен камераның объективі тоғысқан, ақпарат тасқыны мен шығармашылық шабыт астақан киелі кеңістікте ұлы шындықтар мен соны соқпақтар дүниеге келеді. Қарағанды университетінің филология факультетіне қарасты журналистика кафедрасының жанынан қанат қаққан Оқу телевизиясы – болашақ медиа сардарларын жылдайтын алтын ұя, талай жас дарынның тұсауын кесіп, үлкен өмірге жолдама берген алтын бесік.



Құрғақ білім жаңбырсыз бұлт секілді, маңызы болғанымен, нәрі кем. Студенттің нағыз кәсіби деңгейі дәрісханада алған ілімін тәжірибе алаңында тер төге жүріп ұштастыра білгенде, шынайы өмірдің тынысын сезінгенде ғана толысып, кемелдене түспек. Осы орайда, Оқу телевизиясының тыныс-тіршілігіне тікелей жауапты, жастардың жанашыр тәлімгері, білікті маман Жанель Мадиярова бұл шығармашылық шеберхананың негізгі мұраты мен атқарып отырған ауқымды жұмысын өзінше сабақтайды.

Тәжірибелі маманның пайымдауына, бүгінде бұл құтты шаңырақта шығармашылық жұмыс еш толастаған емес. Оқу телевизиясының құрамында студенттік толқынның еркін үніне айналған «BUKETOV Radio», заманауи халықаралық талаптар мен техникалық стандарттарға сай толықтай жабдықталған кәсіби студия, сондай-ақ, жедел ақпарат тарататын баспасөз орталығы қызмет етеді. Бұған қоса, қазіргі жаһандық медианың күрөтамыры және ажырамас бөлігі болған SMM бағыты бойынша да студенттерге терең тәжірибелік, өндірістік бағыт-бағдар беріледі. Осында жүріп жас өрендер кәсіби фотоаппараттың қыр-сырын меңгеруді, бейнематериалдарды сауатты түсіруді, күрделі монтаждау дағдыларын, радио және телевизиялық тікелей эфирлерді жүргізу мәдениетін, сондай-ақ, ұтқыр да мазмұнды

сұхбат алу өнерін кәсіби деңгейде игеріп шығады. Жетекші маманның: «Ізденуге, үйренуге ынтасы бар, көзінде оты лаулаған әрбір студентімізге оқу телевизиясының есігі әрдайым айқара ашық», – деп ағынан жарылуы сөзіміздің айқын дәлелі.

Университетте өтіп жатқан іс-шараларды және апталық жаңалықтарды шығарып отыратын «BUKETOV life» жаңалықтар бағдарламасы студенттерге сюжет дайындауды, мәтін жазуды және сұхбат алуды тәжірибе жүзінде үйретуді мақсат етеді. Сонымен қатар, университетімізде көп жыл қызмет атқарған, ғылымның дамуына үлес қосып жүрген доктор-профессорлардың бейнесін ашу мақсатында айына бір рет «КЕЛБЕТ» портреттік бағдарламасы жарық көреді. Кафедра оқытушыларының белгілі бір қоғам қайраткерімен немесе университетке сыйлы профессор-оқытушылар құрамымен емін-еркін форматтағы сұхбатын ұсынатын «СҰХБАТ times» бағдарламасы да айына бір рет көрерменге жол тартады. Бұдан бөлек, «Қоғаммен байланыс» мамандығының студенттері өздері ізденип, белгілі бір тақырып аясында материалдар жинап, тың ақпараттарды «СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?» танымдық бағдарламасы арқылы көрерменге ұсына алады.

Аяулым ЖАНАТОВА,  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті  
Сурет автордан

• АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

## Медиаиндустрия һәм цифрлық дәуір

Бұрын ақпараттың жолы ұзақ еді. Әуелі редакция сүзгісінен өтіп, сызылып, қайта жазылып, содан кейін ғана газет бетіне басылатын. Оқырман қолына жеткенше сағаттар, кейде күндер өтетін. Сол уақыт журналистке ойлануға, деректі салыстыруға, сөздің салмағын сезінуге мүмкіндік беретін. Ал, бүгін бәрі басқаша. Ақпарат секунд сайын тарайды. Қас-қағым сәтте ел ішін былай қойғанда, басқа құрлықтағы оқиғаны да біліп отырамыз. Смартфон экраны бәрін баян етеді. Қоғамдық пікір де сол мезетте қалыптасады. Жалпы айтқанда, журналистиканың жаңа кезеңі басталды. Жаңа кезеңнің артықшылығы да бар, кемшілігі де аз емес. Сараптап көрейік.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде «Дәстүрлі медианың дәуірі өтті» деген жаңсақ пікірлер жиі айтылады. Алайда, бұл – біржақты пайым. Себебі, ақпарат көбейген сайын оны сұрыптайтын, саралайтын, мән-мағынасын ашатын кәсіби журналистиканың маңызы арта түседі.

Бұл мәселеге қатысты Мемлекет басышы Қасым-Жомарт Тоқаев та өз ойын білдірген болатын.

– Медиаиндустрия цифрлық дәуірдің сын-кәтерлерімен алғашқылардың бірі болып бетпе-бет келді. Осылайша, цифрлық матрицаның – қоғам өміріндегі жаңа санаттың бір бөлігіне айналды. Нарықтың түбегейлі өзгеруі салдарынан жаңалықтар порталы, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер алдыңғы қатарға шықты. Мерзімді баспасөз бен телевизия бұрынғы үстемдігінен айырылды. Қазіргі жағдай осындай. Алайда, мен «Дәстүрлі медианың дәуірі өтті» деген пікірмен келіспеймін. Керісінше, газеттер мен телеарналар жаңа форматқа көшіп, инновациялық мультимедиялық платформа құрып, заман талабына сай дамып келеді. Олардың басты артықшылығы – мәселені терең талдап, шолу мен сараптама ұсына алуында. Ақпараттық кеңістікте қарабайыр тақырыптар қаптап, ұсақ-түйекті сөз қылу көбейген заманда сапалы әрі өзекті журналистиканың маңызы еселеп артады. Сондықтан, менің ойымша, дәстүрлі БАҚ

қым-қиғаш уақиғалар нөпірінде қоғам үшін ақпарат айдынындағы компас, тіпті, идеологиялық бағдар ролін алдағы уақытта да атқара береді, – деді Президент.

Расында да, дәстүрлі басылымдардың орны қай кезеңде де ерекше. Газет журналистикасы цифрлық дәуірде де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Керісінше, ақпарат тасқыны күшейген сайын салмақты сөзге, сұрыпталған дерекке, ойлы талдауға сұраныс арта түсті.

Қалай десек те, Қазақстан қоғамы цифрлық ортаға толықтай бейімделіп келеді. Интернет, әлеуметтік желі, мессенджер, видео платформа, подкаст, қысқа бейнеролик – мұның бәрі ақпарат алудың күнделікті арнасына айналды. Енді оқырман жаңалықты тек газеттен немесе телеарнадан күтпейді. Ол ақпаратты Telegram-нан оқиды, Instagram-нан көреді, TikTok-тан тындайды, YouTube-тен талдайды. Осы өзгеріс журналистиканың форматын ғана емес, табиғатын да өзгертті.

Әлемдік медиа зерттеушілері бұл үдерісті журналистиканың жаңа кезеңі деп бағалайды. Мәселен, ғалым Джон Павлик жаңа технологиялар журналистиканың ақпарат жинау, өңдеу және тарату тәсілін түбегейлі өзгертетінін айтады. Цифрлық дәуірдің ең үлкен мүмкіндігі – журналистиканың аудиторияға бұрынғыдан жақындығы түсуі. Әлеуметтік желі арқылы оқырман пікір білдіреді, сұрақ қояды, мәселе көтереді, тіпті, кейде журналистік зерттеуге түрткі болатын дерек ұсынады. Бұл – қоғаммен тікелей байла-



ныс орнатудың жаңа формасы. Бұрын редакция мен оқырман арасында белгілі бір қашықтық болса, қазір ол аралық айтарлықтай қысқарды.

Әсіресе, өңірлік журналистика үшін цифрлық кеңістік үлкен мүмкіндік ашты. Бұрын облыстық немесе аудандық басылымда жарияланған материал сол өңірдің шеңберінде ғана таралатын. Қазір жергілікті мәселе әлеуметтік желі арқылы республиканың түпкір-түпкіріне жетеді. Ауылдағы жол, мектептегі мәселе, ауруханадағы жағдай, қарапайым тұрғынның үні цифрлық платформа арқылы мыңдаған оқырманға тарайды. Бұл тұрғыда өңірлік журналистиканың қоғамдық салмағы арта түсті.

Дегенмен цифрлық кеңістіктің көлеңкелі тұстары да аз емес. Ең алдымен, жалған ақпарат мәселесі өткір тұр. Әлеуметтік желіде тараған кез келген хабар шындық бола бермейді. Кейде бір адам-

ның жеке пікірі қоғамдық дерек ретінде қабылданып кетеді. Кейде монтаждалған видео, ескі фото, контекстен жулып алынған сөз қоғамда дүрбелең туғызады.

Ал, блогерлік пен журналистиканың шекарасы жер мен көктей. Қазір ақпарат кеңістігінде кез келген адам хабар таратушыға айналды. Бұл демократиялық тұрғыдан жақсы көрінгенімен, жауапкершілік мәселесін күрделендірді. Блогер жеке әсерімен бөлісуі мүмкін, ал журналистік дерекке сүйенуі тиіс.

Келесі мәселе – жасанды интеллект. AI құралдары журналистикаға үлкен мүмкіндік әкелді. Ол ұзақ мәтінді қысқартуға, аудиожазбаны мәтінге айналдыруға, дерек сұрыптауға, тақырып ойластыруға, аударма жасауға, үлкен құжаттарды жүйелеуге көмектеседі. Бірақ бұл құрал журналистің орнын толық баса алмайтынын ескеру керек.

Журналист, Е.Бекетов атындағы Қа-

рағанды ұлттық зерттеу университеті журналистика кафедрасының оқытушысы Әлімжан Жақан да осы мәселеге назар аударды.

– Жылдам ақпаратта сараптама, зерттеу жоқ. Телеарналардан болсын, әлеуметтік желілерден болсын ақпараттың шикілігін байқаймыз. Тіпті, орынсыз дүрбелең тудыратын жалған ақпарат та халыққа тарап кетеді. Ақпарат ағынының көптігі сондай, неңің не екенін ажырата алмаймыз. Жалпылама айтқанда, жылдамдық бар, сан бар, бірақ, сапа жоқ. Бір үзім ой таппайсың. Әр жаңалықта тым құрығанда бір үзім ой болуы тиіс. Мәтіннің стилистикасына, грамматикасына, тіпті, пунктуациялық мәселесіне мүлде мән берілмейді. Мәтіндерде қате өріп жүр. Бұл журналистика ғана емес, қазақ тілінің абырой-беделіне де, тұтастығына да едәуір нұқсан келтіреді. Осыны ұғыну керек, – деді ол.

Оқытушының айтуынша, цифрлық кеңістіктегі басты мәселенің бірі – мәтін сапасы мен тіл тазалығы. Қазір ақпараттың көп бөлігі жедел жазылады. Бірақ жеделдік сауатсыздықты ақтай алмайды. Әсіресе, қазақ тіліндегі медиа кеңістікте термин қолдану, сөйлем құрау, стиль сақтау, ойды анық жеткізу мәселесі өзекті. Кейбір шет тілінен енген терминдердің түсіндірмесі берілмейді. Оқырман көбін түсінбей қалады. Бұл ақпараттың қолжетімділігіне де, тілдің қоғамдық беделіне де әсер етеді.

Цифрлық дәуір журналистиканы әлсіреткен жоқ. Ол журналистиканың әлсіз тұсын да, күшті тұсын да айқындап берді.

Ақпарат тасқыны күшейген заманда қоғамға ең керекті – айқай емес, анық сөз. Даңғаз емес, дәлел. Жылдам тараған қауесет емес, тексерілген ақиқат. Осы тұрғыдан алғанда, қазақстандық журналистиканың алдында үлкен мүмкіндік те, зор жауапкершілік те тұр. Сол жауапкершілікті сезінген медиа ғана цифрлық дәуірдің дауылында бағытынан адастайды.

Төрехан Майбас:

# «Орталық» – менің тағдырым



Қазақ баспасөзінің қай басылымын алсақ та, оның сырт көзге көріне бермейтін өз мінезі, өз мектебі болады. Бір газеттер уақыттың ығына жығылып, бір кезеңнің ғана үні болып қалса, енді бірі дәуір ауысса да дінінен ажырамай, өзіне тән айбарын сақтайды. «Орталық Қазақстан» – сондай өміршен басылым. Ғасырға жуық тарихында талай бұынның қаламын ұштап, тұлғасын қалыптаған бұл мектептің белді өкілі – жазушы, этнограф Төрехан Майбас. «Орталық» Төрехан аға шығармашылығының үлкен зертханасы болды. Өзі айтпақшы, ол қай кезде де ең алдымен, «жорналшы» болып қалды. Қарашаңырақтың 95 жылдық торқалы тойы қарсаңында белгілі қаламгермен басылымның кешегісі мен бүгінгі, баспасөздің мінезі хақында аз-кем әңгіме өрбіткен едік.



– Төрехан аға, «Орталық Қазақстан» газетінің 95 жылдық тарихының бір кезеңі өзіңіздің шығармашылық жолыңызбен тығыз байланысты. Сіз келген жылдардағы газеттің қоғамдағы салмағы қандай еді? Қарашаңыраққа алғаш қадам басқан сәтіңіз есіңізде қалай сақталды?

– «Орталық Қазақстан» маған әуелден таңсық басылым емес еді. Бала күнімден үйге жаздырып алатынбыз. Төртінші сыныпта жүргенде алғашқы шимайларымыз осы газетке шықты. Алғашқы қаламақымызды да осы жерден алдық. Үш сом, төрт сом деген ол кезде бала үшін қадімгідей ақша. Сол қаламаққа бүкіл сынып болып, лимонад ішіп, маз болатынбыз. Кейін аудан, облыстар бөлініп, біздер Жезқазған облысының құрамына өткенде де, «Орталықтан» қол үзген жоқпыз. 1980 жылы журналистикаға келдім. Қызмет жолымды Ақадыр аудандық газетінен бастадым. Ол кезде біз Жезқазғанға қараймыз. Бірақ, сонда да «Орталықтың» орны біздер үшін болма еді. Ол уақытта республикалық деңгейдегі көшбасшы басылым «Социалистік Қазақстан», бүгінгі «Егемен Қазақстан» болса, облыстық басылымдар ішінде маңдайы жарқырап «Орталық» тұратын. Аптасына алты рет шығады. Өзінің бет-бейнесі бар, талдауы бар, бастамашылығы бар газет еді. Жана-

Алғашында Балқаш өңірі бойынша меншікті тілші болдым. Кейін «Орталықтың» штатына іліктік. Ақпарат бөлімін басқардым. Ол кездегі тілшілердің әрқайсысы бір-бір мектеп болатын. Аман Жанғожин, Серік Ақсұқарұлы, Сүйіндік Жанысбай, Серікбай Алпысов, Серік Сексеуұлы сынды ағалар кейінгі інілеріне қамал-қорған болды. Өңірдегі тілшілеріміз Амандық Рахов, Нұрхан Мыңбай, Оралбек Жүніс айбарлы еді. Ермек Балташұлы, Ержан Иماش сынды жүйріктеріміз қамшы салдырмайтын. Сол тұста «Орталықта» жеті-сегіз редактор жұмыс істедік. Сондықтан да, редакторлар ұжымы атандық. «Орталық» қашан да өзін-өзі қорғай алатын газет еді. Мысы басым болатын.

– Ғасырға жуық тарихы бар басылымның өзіндік жазылмаған заңдылығы, мектебі қалыптасқаны белгілі. Сіздіңше, «Орталық Қазақстан» мектебінің басты феномені неде?

– «Орталық Қазақстанмен» етене аралас-құралас болуым студент кезімнен басталды. Бұл – 1973 жыл. Алғашқы тырнақалды өлеңдеріміз осы басылымда жарық көрді. Сол кезден бастап, газетте істейтін, есімдеріне сырттай қанық ағалармен араласып, ақыл-кеңестерін алып, өсіп-жетілдік. Менің құрметім бәріне бірдей. Десе де, ерекше ілтипатпен

– Сіз газетте басшылық қызметте болғандық материалдардың сараптамалық деңгейіне, тіп таза-лығына жоғары талап қойғаныңызды білеміз. Қазіргі ақпарат жылдамдығы дәуірінде газет бетіндегі салмақты сараптама мен көркем тілді сақтап қалу мүмкін бе?

– Ақпараттың ағыны бүгін де тоқтамайды. Бірақ, ақпараттың тілі телеграфтық тіл болып кетпеуі керек. Тықылдап тұрған, жалаң, жансыз сөйлем журналистиканы құтқармайды. Тілсіз ақпарат жоқ. Тілсіз журналистика жоқ. Қандай ақпарат берсек те, оның тұғыры болады. Ол – ана тіліміз. Сол ақпаратқа өң бермесеніз, қолорит қоспасаңыз, ол оқырманның жүрегіне жетпейді. Кім қалай ойлайтынын білмеймін, мен өмір бойы

қазыналы қарттардың жадында тұрған қаншама дүние қағазға түспей қалды. Менің тарихи, этнографиялық жазбаларымның біразының аналогі болмады. Өйткені, ол тақырыптар елдің, жердің тарихынан, ауызша жеткен жадыдан алынды. Сол арқылы қазақ тілін, қазақ менталитетін орнықтыруға тырыстым.

Менің туған жерім – шежірелі Шет ауданы. Қалай десек те, қаймағы бұзылмаған қазақы жер. Тіліміздің шұрайлы болуы да содан шығар. Сол тілді газет беті арқылы оқырманға жеткіздік деп ойлаймын.

– Редакциядағы өткір талқылаулар, газеттің кезекті жаңын қолға алар алдындағы жауапкершілік сәттерінен бүгінгі буын үлгі аларлық қандай оқиға-

тылса, оны қабылдайсың. Өзімді де талай сынады. Өзім де талай адамды сынадым. Одан ешкім кеміп қалған жоқ. Керісінше, газет ұтты. Көп жерде адамдар бір-бірімен жауласып кетеді ғой. Бізде ондай болған емес. Өйткені, сындығы артында кек емес, газеттің абыройы тұрды.

«Орталық» сол жағынан бағытталды. Өз ішіндегі талқысы да өткір, сыртқа айтар сөзі де қанық еді.

– Сіздің өлке тарихына, Сарыарқаның этнографиясына қатысты зерттеулеріңіздің көбі алдымен, осы газет бетінде жарық көрді. «Орталық Қазақстан» сіз үшін шығармашылық зертхана бола алды ма?

– Әрине, болды. «Орталық» менің – тағдырым! Мен не жазсам да, алғашқы хәм ауқымды дүниелерімді осы газет басып отырды. Бұл жағынан мен Зарқын Тайшыбай ағамызға ұқсайтын едім. Зарқын ағамның жазбалары көбіне «Орталықта» жарияланатын. Мен де «Орталыққа» адал болдым. Менің сапама сіңген тақырып – ел мен жердің тарихы. Қағазға қатталмай, ұмыт болып бара жатқан тарих. Сол тарихты жеткізу үшін этнографияға бет бұрып, шежірені түгендедім, көненің сөзін іздедім. Өйткені, ұлттың тілі мен ұлттың мінезі бір-бірінен бөлек емес. Тіл кетсе, менталитет те әлсірейді. Этнография кетсе, тілдің ұлттық колориті де жоғалады.

Біздің заманда тұтастай бір нөмірді белгілі бір тақырыпқа арнау дәстүрі болды. Бұл өте керек нәрсе еді. Қазір сол үрдіс саябырсып қалды. Газет тек күнделікті ақпаратпен шектелмеуі керек. Газет кейде бір мәселені түбінен қопарып, тұтас сөйлетуі керек.

– Газет тек ақпарат құралы емес, аймақтың мәдени, әдеби өмірінің ұйытқысы. Ақселеу Сейдімбек, Кәмел Жүністеги, Мағауия Сембай сияқты алыптарды ізі қалған қарашаңырақтың бүгінгі рухани миссиясы қандай болуы керек?

– Ол уақытта газетте жұмыс істеген төбелі ағаларымыздың өзі бір төбе еді. Ақселеу Сейдімбек, Асан Жүмаділлин, Кәрім Сауғабай, газетте жұмыс істемесе де газет жұмысына атсалысқан Кәмел Жүністеги, Қасым Орынбет, Өмір Кәріп сынды мықты қаламгерлер болды. Солардың арқасында газеттің әр саны мазмұнды, айшықты болып шығатын.

«Орталық Қазақстан» әлі күнге дейін алдыңғы шептегі басылым болып қала береді. Қарағанды да солай. Бір кезде Қарағанды еліміздегі екінші қала еді. Кейінгі саяси, экономикалық дағдарыс қала өміріне теріс әсер етті. Қала тұрғындары азайды. Бірақ, мен үшін Қарағанды әлі де еліміздегі екінші қала болып қала береді. Неге? Өйткені, Қарағанды өзінің тарихи болмысын сақтап қалды. Мен Қарағанды көшесімен жүріп өткенде, 70-жылдардағы Қарағандыны елестете аламын. Ал, 1971 жылғы Ақмоланы қазіргі Астанадан таба алмайсыз. Алматы да солай. 1971 жылғы Алматыны бүгінгі Алматыдан табу қиын. Ал, Қарағандының ішкі өзегі сақталған.

Сол сияқты «Орталық Қазақстан» да өзін жоғалтқан жоқ. Оның өзіндік мектебі бар. Бұл

мектептен өткен кез келген журналист кез келген басылымда жұмыс істей алады. Тіпті, басқара алады. Бүгінде еліміздің медиа саласында басшылық қызметте жүрген талай азамат осы ортадан шықты. Демек, «Орталықпен» сабақтастық үзілген жоқ. Қазіргі жастар сол дәстүрді лайықты жалғайды деп сенемін.

– Бүгінде ақпарат цифрлық форматқа көшіп жатыр. 95 жылдық белеске шыққан дәстүрлі басылымның заманауи медиа кеңістігіндегі орны мен бәсекеге қабілеттілігін қалай бағалайсыз?

– Уақыт өзгереді. Формат өзгереді. Бірақ, сөздің жауапкершілігі өзгермеуі керек. Мерзімді баспасөздің өміршеңдігі де осында. Газет жылдамдықпен ғана жарыспайды. Газет оймен, салмақпен, тілмен, талғаммен өмір сүреді. Бүгін ақпарат көп. Бірақ, көп ақпараттың бәрі сапалы деген сөз емес. Газеттің міндеті – соның ішінен елге керекті екішеп беру. Оқырман газеттен жай хабар емес, байыпты ой, сараланған көзқарас күтеді. Егер осы қасиет сақталса, дәстүрлі басылымның ғұмыры ұзақ болады.

– Газеттің торқалы тойы қарсаңында өзіңіз ширек ғасырдай еңбек сіңірген ұжымға, бүгінгі жас әріптестеріңізге және адал оқырмандарға айтар лебіңіз қандай?

– Мен Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірдім. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша тіл маманым. Әдебиетші емеспін. Ақадырда қатардағы тілші болып жұмысқа кірген екінші, әлде үшінші күнімде Өмір Кәріп ағамыз кіріп, амандасып, хал сұрады. Сосын: «Осыдан басқа жұмыс таппадың ба?» деді. Ол сөзді естіп, есімнен танып қала жаздадым.

Кейін ойласам, ол кісі өз басынан өткенді айтқан екен. Журналистика кез келген дарынды жұтып қоятын сала. Ол тоқтайтын нәрсе емес. 24 сағат бойы жүріп тұратын жұмыс. Сондықтан, бұл салада өзіңді жоғалтып алмау өте маңызды.

Кейінгі жастарға айтарым – өздеріңді жоғалтпаңдар. Мақалаларың газет бетінде шығып жатады. Сол мақалаларыңды оқырман аты-жөндерің жазылмаса да танып жатса, одан асқан бақыт жоқ.

Өркім мені әрқилы атайды. Бірі этнограф дейді, бірі жазушы дейді. Бірақ, мен журналист болып қала беремін. Зейнетке шықтым, жұмыстан кеттім. Бірақ, шығармашылықтан кеткен жоқпын. Бүгінге дейін журналистикадағы қаламымды тастаған емеспін. Қаламағ адал болайық. «Орталықтың» тойы құтты болсын! Қарашаңырақтың оты өшпесін! Жас әріптестеріме айтарым – сөзді сүйіндер, тілді сақтандар, өздеріңді жоғалтпаңдар!

Сұхбаттасқан  
Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»  
Суреттер «Ortalyq Qazaqstan»  
газетінің мұрағатынан



лықтың жаршысы болу өз алдына, өңірдегі өндіріс ошақтарына, әлеуметтік мәселелерге, ел ішіндегі бастамаларға ұдайы үн қосып отырды. Ай сайын, тоқсан сайын бақылап, қадағалап, көзқарасын білдіретін. Бір істі бастаса, соғына дейін жеткізетін. Сондықтан, шенеуніктердің өзі газеттен ығып жүретін.

Мен «Орталыққа» келгенде, газет сол айбарынан таймаған еді. Ол кезде редактордың орынбасары Мағауия Сембай болатын.

атайтыным – Рымқұл Сүлейменов. Ол кісі қарапайым, көпті көрген жан еді. Мен Шет ауданы, Ақшаптау жеріненмін. Ол кісімен жерлес болғанымыз да арамызды жақындата түсті. Рымқұл ағам ауылдың тынысы, ел ішіндегі тұрмыс, тарихи тұлғалар туралы жиі сұрайтын. Кейде түрлі авторлардың шығармаларын беріп: «Осыны зерттеп көрсен қайтеді?» деп тапсырма да беріп қоятын. Ізденісіміздің, зерттеу жүргізуіміздің алғашқы іргетасы осылай басталды.

қазақы стильде жазуға тырыстым. Очерк болсын, мақала болсын, ақпарат болсын – осы ұстанымнан жаңылған емеспін. Мен «Орталыққа» ұлттық колорит әкелуге тырыстым. Ол не? Ол – біздің тіліміз. Арқаның, Сарыарқаның тілі. Сол тілдің әдемі үлгісін, бояуын, шұрайын газет беті арқылы танытуға күш салдым. Туған өлкеңің шежіресіне, этнографиялық жазбаларға баруым да содан.

Көп нәрсе ұмытылып бара жатты. Ақ жаулықты әжелердің,

ны ерекше атап өтер еліңіз?

– Редакция деген өзі бір ағза секілді. Бауыр секілді. Ауырса, өзі емдеп, өзі жазады. «Орталық» та сондай еді. Өзінің қотырын өзі қасыды.

Лездемеде ағаларымыз бірін-бірі сойып салатын. Біз жаспыз, өзі емдеп, өзі жазады. «Орталық» та сондай еді. Өзінің қотырын өзі қасыды.

• ҚАЛАМ ҚҰДІРЕТІ


## Арда азаматтың аманаты

Қазақ журналистикасында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, жарты ғасырға жуық ғұмырын ақпарат саласына арнаған қарымды қаламгер Оралбек Жүнісұлының шығармашылық мұрасын жинақтаған «Айналайын...» атты көлемді кітап жарық көрді. Алматы қаласындағы «Қазына» баспаханасында басылған бұл еңбек – журналистің өмір жолы мен шығармашылық әлемін тұтас қамтыған тағылымды туынды.

Нұрдіс КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Айналайын...» жинағы бес бөлімнен тұрады. Бірінші «Қаламның құдірет күші» бөлімінде Оралбек Жүнісұлының әр жылдары жазған мақалалары, очерктері мен өңірдің белгілі тұлғалары туралы танымдық жазбалары топтастырылған. Бұл бөлім қаламгердің қоғамдық өмірге сергек көзқарасын, ел тарихы мен адам тағдырына деген жауапкершілігін айқын көрсетеді. «Жақсы адамдарым» атты екінші бөлімде автордың өмір жолында кездескен азаматтар туралы

портреттік очерктері енгізілген. Бұл туындылардан қаламгердің адам танудағы шеберлігі мен кейіпкер болмысын ашудағы ерекшелігі байқалады. Үшінші бөлім «Ақпарат айдынындағы аяулы жандар» деп аталады. Мұнда журналистің өзімен бірге еңбек еткен қаламгерлер, әріптестері, ақпарат саласының өкілдері туралы жазған естеліктері мен мақалалары жинақталған. Бұл бөлім еліміздің журналистика тарихындағы бір буынның шежіресі іспетті әсер қалдырады. Төртінші бөлім «Қаламдастар қаламынан» деп аталып, мұнда Оралбек Жүнісұлы туралы әріптестерінің естеліктері, мақалалары



мен ақындардың арнау өлеңдері топтастырылған. Бұл жазбалар арқылы автордың азаматтық болмысы, адами қасиеттері мен кәсіби беделі кеңінен ашылады. Ал, бесінші «Дүние-жалған» бөлімінде қаламгер өмірден өткеннен кейін жазылған естеліктер мен жоқтаулар енгізілген. Бұл бөлім оқырманды тебіреніп қана қоймай, елге сыйлы азаматтың жарқын бейнесін көз алдына әкеледі.

Айта кетейік, Оралбек Жүнісұлы – Қазақстанның Құрметті журналисі, ҚР Мәдениет және ақпарат саласының үздігі, «Ұлт мақтанышы» медалінің және Қарағанды облысы өкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері. Журналистік еңбек жолын 1974 жылы Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газетінде бастаған қаламгер бірқатар басылымда абыройлы еңбек етті. Оралбек Жүнісұлы қай қызметте жүрсе де ел мүддесін бірінші орынға қойды. Ол ауыл мен қаланы, өндіріс пен тіршілікті, қарапайым

еңбек адамдарының тағдырын жазып, олардың еңбегін насихаттауды азаматтық парызы санады. Қаламгердің шығармаларынан туған жерге деген сүйіспеншілік, адамға деген құрмет пен өмірге деген шынайы көзқарас анық сезіледі.

«Айналайын...» кітабы – бір журналистің ғана емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі. Бұл жинақта автордың соңғы жылдары жазған мақалалары, сұхбаттары, эссе-очерктері, арнау өлеңдері, сондай-ақ, өзі туралы естеліктер мен жоқтаулар қамтылған. Сондықтан, кітапты журналистика тарихына қызығатын оқырмандар да, жас қаламгерлер де, жалпы әдебиет сүйер қауым да қызыға оқытаны сөзсіз. «Айналайын...» – халқына адал қызмет еткен арда азаматтың рухани мұрасы. Қаламгердің өмір жолы мен шығармашылық еңбегін кейінгі ұрпаққа жеткізетін бұл кітап – қазақ журналистикасының алтын қорынан лайықты орын алатын құнды еңбек.

• ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

## Тағдырлы таңдау

«Жаугершілік заман емес, бірақ біздің де майданымыз бар». Бұл сөздер – өмір мен өлім арасындағы қыл көпірде, жалынның қарыған демімен күнделікті арпалысып, өз тұмырын қатерге тігетін Қарағанды өрт сөндірушілерінің айнымас қағидасы. Қаланың тыныштығын көздің қарашығындай сақтап, оттың ортасына жасқанбай кіретін, жүрегі жалыннан да ыстық батырлардың әрбір күні – адамзат тағдыры үшін жасалған ұлы таңдау. Біздің қаламыздың бейбіт тыныштығына жауапты қарапайым дабыл үнінің артында зор жауапкершілік, от пен судың заңдылықтары бағындырған нағыз ерлік жатыр. Бұл – жай ғана мамандық емес, бұл – адамзаттың амандығы үшін өзін отқа түсуге арнаған ерекше жандардың тағдырлы таңдауы.

СПЧ-1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің ішіндегі үйреншікті тыныштықты кенеттен тілген дабыл үні – қарапайым тұрғындар үшін жай ғана техникалық шұ болса, бөлім жігіттері үшін бұл – тағдырлы шақтың, өмір мен өлімнің шекарасы сызылған сәттің белгісі. Дәл осы секундтан бастап, уақыт өлшемі мүлде өзгереді. Жауынгерлік киімдерін 30 келілік ауыртпалығымен бірге лезде киіп, зілдей салмақты техниканы оталдырып, қақпадан атып шығуға берілетін 60 секунд – адам өмірін сақтап қалудың басты шарты, ажалмен жарысудың ең маңызды кезеңі. 2015 жылдың қазан айында іргесі қаланған бұл 4 қабатты ғимарат – қаншама отбасының үмітін сөндірімеген, ерлік пен кәсібиліктің алтын бесігі. Бөлімде үздіксіз қызмет атқаратын 112 қызметкердің әрқайсысы қаланың қауіпсіздігіне жауапты, олардың әрбір күні осы бір минутқа байланған, өрт секунднына жанпидальы сінген.

Диспетчерлік пульте отырған

кіші сержант Лаура Смағұлованың әрбір секундты қадағалайтын өткір көзі мен темірдей сабырлығы – бүкіл бөлімнің үйлесімді жұмысының жүрегі. 10 маусым, 2026 жыл, сағат 11:30:17. Пультегі дабыл Титов көшесіндегі 82-үйден түсті. Лаураның дауысы тастүйін, сабырлы, бірақ бұйрықтай нақты. Ол бірден жедел топты аттандырады. Бұл – уақытпен жарыс. Диспетчер дауысынан жауынгерлер төтенше жағдайдың ауқымын, оқиға орнындағы жағдайдың күрделілігін бірден сезінеді. Сағат 11:36:12. Оқиға орнына алғашқылардың бірі болып жеткен СПЧ-1 бөлімше командирі, аға сержант Дархан Қошықов жағдайды бір қарағаннан-ақ, саралап үлгерді. Ол – өз ісінің нағыз майталманы, офицерлік тәжірибесі мен жауынгерлік жігері ұштасқан маман. «Барлығымыз жауынгерлік шепке!» – деген пәрмені өрт сөндірушілердің бойына күш береді. Бұл жерде Дарханның әрбір қадамы – өрт сөндірушілердің өмірін



корғау мен тілсіз жауды тездетіп ауыздықтаудың тепе-теңдігі. Ол оқиға орнындағы барлық басқаруды өз мойнына алып, эвакуация мен сөндіру жұмыстарын шеберлікпен үйлестірді. Дарханның офицерлік біліктілігі мен сабырлығы осы қиын сәтте үлкен өрттің бетін қайтаруда шешуші рөл атқарды.

Қоғамдағы «өрт сөндірушілер сусыз келді» деген жаңсақ пікірдің сыры тереңде жатыр. Өрт сөндіру техникасының сыйымдылығы – 5000 литр. Алайда, заманауи сорғылар секундына

40 литрге дейін су шашады. Бұл дегеніміз, 5 тонна су толық қысыммен шашылғанда небәрі 6-8 минутқа ғана жетеді! Өрт сөндіру жөндерінің ішіне 350 литрге дейін су сияды. Дархан Қошықов басқарған топ осы физикалық заңдылықты ескере отырып, суды барынша үнемді пайдаланды. Сол сәтте диспетчер Лаура Смағұлова рация арқылы басқа бөлімшелерді «перекачкаға» тұрғызып, үзілсіз су келуін қамтамасыз етті. Ең ауыр сын Рыночная көшесіндегі жеке тұрғын үйде болған өрт кезінде туындады. 70 шаршы метр

аумақты жалмаған жалынның ортасында 27 литрлік газ баллоны жарылуға шак тұрды. Температура мың градусқа жеткенде, баллон ішіндегі қысым артып, оның жарылуы – уақыт еншісіндегі дүние еді. Дархан Жетенұлы өзі бастаған топпен жалынды жарып өтіп, қауіпті аймаққа кірді. Олар балқып тұрған баллонды сыртқа шығарып үлгерді. Дәл осы ерлік барлығының өмірін сақтап қалды. Сағат 12:20:08-де рациядан қуанышты хабар естілді: «Өрт оқшауланды!». Бұл – тек сөз емес, бұл – жеңіс, бұл – өмірдің оттан басым түскен

сәті! Өрт сөндірушілердің бұл табандылығы мен батылдығы талай адамның тағдырына араша түсті.

Бөлімнің күнделікті тәртібі – 09:00-ден түнгі 23:00-ге дейінгі үздіксіз жаттығулар, теориялық сабақтар мен шаруашылық жұмыстары. Олар әрбір мұржаның, электр желісінің қаупін жатқа біледі. Бірақ, тұрғындардың мұржаны тазаламауы, пешті қараусыз қалдыруы олардың жұмысын қиындатады. Өрбір жеңдік желінің, әрбір техниканың жарамдылығы – өрт сөндірушінің күнделікті тексерісіндегі дүние. Олардың әрбір қимылы – өліммен арпалысқан сәттегі ең жоғары кәсібиліктің дәлелі. Бұл – темірдей тәртіп пен болаттай шындалған ерік-жігердің мектебі.

Осы жолдарды оқып отырған сәтінде, қаланың қай түпкірінде болсын, кезекшілік пульгінде дабыл тағы да шыр ете түсуі әбден мүмкін. Сол мезетте Дархан Жетенұлы бастаған қайсар ұландар мен қырағы диспетчер Лаура Смағұлова үшін уақыт тынысы тағы бір рет тереңдейді. Олар үшін 60 секунд зор мәнге ие. Қызыл желілі көліктер даланың тыныштығын бұзып, өрттің жалынына қарсы ұшып бара жатады. Олар – біздің заманның нағыз қаһармандары, күн мен түннің, өмір мен өлімнің арасындағы бұзылмас қорған, елдің берекесі мен тыныштығын күзеткен темірдей берік қалқанымыз.

Аяулым ЖАНАТОВА,  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

• БАЙҚАУ

## Қарасазда қара үзді

Қазақтың мұзбалақ ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған жері – Алматы облысының Қарасаз ауылында республикалық Мұқағали оқулары өтті. Оған қарағандылық оқушылар да қатысып, жүлделі орындарға ие болды.



Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы шығармашылық байқауға 80-ге жуық дарынды оқушы қатысыпты. Үш күн бойы олар ақын шығармаларын мөнерлеп оқу, ақындық өнер, жыр-эстафета және ұлттық өнер бағыттары бойынша бақтары мен баптарын сынады.

Республикалық кезеңге Қарағанды облысынан төрт оқушы барды. Байқау қорытындысы бойынша үшеуі жүлделер атынып, арнайы марапаттарға ие болды.

Балқаш қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы мектептің 9-сынып оқушысы Саяжан Тайтөлеуова «Дариға, домбырамды берші маған!» номинациясы бойынша II дәрежелі дипломмен марапатталды. Оның өнер көрсетуі қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Байқаудың қалалық және облыстық кезеңдеріне жеті мыңнан астам оқушы қатысты. Бәсекелестік өте жоғары болды. Себебі, әр қатысушы іріктеу кезеңінде жеңімпаз атанып, өз өңірінің намысын қорғап келді. Осал қатысушы жоқ десек те болады. Әрине, қобалжыдым. Бірақ, қаншама жыл қатарынан шығармашылық байқауларға қатысып келемін. Мол тәжірибе жинадым. Өңірімнің намысы үшін барлығын ортаға салдым.

Мұқағали Мақатаевтың туған жерінде өнер көрсету – мен үшін зор мәртебе әрі ұмытылмас марапат болды. Бұл марапат алға қарай ұмтылып, шеберлігімді шындей түсуге шабыттандырады, – деді Саяжан Тайтөлеуова.

Арнайы жүлделер мен Алғыс хатқа Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылы Жабас Кеңесбаев атындағы мектептің 11-сынып оқушысы Мерғазы Төлеутайұлы және Қарағанды қаласындағы №17 мектептің 10-сынып оқушысы Ерасыл Аманбай ие болды.

Жүлдеге илігіп, ауылыма абыроймен қайту үшін бар күшімді салдым. Бұл марапат мені алға жетелейді. Мұқағали Мақатаев шығармашылығының барлығымен танысып шығамын. Өлендерінен бөлек, оның тағдыры қызықтырды. Ақынның туған ауылына барып, оның басқан топырағын басу, ауасын жұтып, Бәсекелестік өте жоғары болды. Себебі, әр қатысушы іріктеу кезеңінде жеңімпаз атанып, өз өңірінің намысын қорғап келді. Осал қатысушы жоқ десек те болады. Әрине, қобалжыдым. Бірақ, қаншама жыл қатарынан шығармашылық байқауларға қатысып келемін. Мол тәжірибе жинадым. Өңірімнің намысы үшін барлығын ортаға салдым.

Республикалық Мұқағали оқулары Алматы облысының білім басқармасы, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы және «Жас дарын» өңірлік орталығы ұйымдастырды.

• ЭКОЛОГИЯ

## Баққа да бап керек

Қарағандыдағы Орталық саябақтың батыс бөлігінде орналасқан алма бағы бүгінде қала тұрғындарының сүйікті демалыс орындарының біріне айналып келеді. Шаһар тарихындағы алғашқы ауқымды алма бақта жалпы саны 5000 түп алма ағашы отырғызылған. Мұнда «Антоновка», «Белый налив», «Сибирячка» секілді танымал сорт өсірілуде. Ал, көптің арғы бетінде табиғи ортаға бейімделген жабайы алма ағаштары егілген. Алайда, алма бағына серуендеуге келушілердің арасында оның тазалығы мен күтіміне немқұрайлы қарайтындар да аз емес. Соңғы уақытта бақ аумағында қоқыс қалдырып, қоғамдық кеңістіктің тазалығына нұқсан келтіретіндердің қатары көбейіп барады.

Көктемде алма ағаштары гүлдеген шақта бұл аумақ ерекше көрікке енеді. Гүлге оранған баққа тұрғындар мен қала қонақтары арнайы келіп, табиғаттың әсем көрінісін тамашалап, естелік суреттерге түседі. Алайда, табиғаттың бұл сыйын бағалай бермейтіндер де кездеседі. Кейбір демалушылар ағаш бұтақтарын сындырып, бақ аумағында қоқыс қалдырып кетеді. Мұндай әрекеттер көпшіліктің демалысына қолайсыздық туғызып, жасыл желектің күтіміне де кері әсерін тигізеді.

Алма бағын күтіп-баптап жүрген мамандардың бірі Сәкен Келдібаев әрбір көшетті отырғызу алдында оның жергілікті топыраққа бейімділігі мұқият зертханалық талдаудан өткізілетінін айтады. Тек он нәтиже көрсеткен көшеттер ғана іріктеліп, бақ аумағына отырғызылады екен.

– Біз көшеттерді отырғызбас бұрын міндетті түрде талдау жасаймыз. Жерге бейімділігі анықталғаннан кейін ғана таңдап алып келеміз. Қазір ағаштардың шамамен 80 пайызы жақсы өсіп келеді. Мен күн сайын келіп, қызметкерлерге кеңес беріп, жұмысты бақылап отырамын, – деді ол.

Маманның айтуынша, бақтағы ағаштар арнайы агротехникалық талаптарға сәйкес отырғызылған. Қатарлар арасындағы қашықтық шамамен 4-5 метрді құраса, бір қатардағы ағаштардың арасы үш метр болып белгіленген. Мұндай жүйе көшеттердің еркін өсуіне қолайлы жағдай жасап, суару, күтіп-баптау және басқа да агротехникалық жұмыстарды тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Бақтағы күнделікті жұмыстар туралы бригадир Любовь Юрьевна күтім бір күнге де тоқтамайтындығын баса айтты.

– Біз күн сайын ағаштарды күтіп-баптаймыз. Таңғы сағат 4:00-ден бастап, күн ысығанға дейін суарамыз. Содан соң кешкі сағат 19:00-ден түнгі 00:00-ге

дейін қайта суару жүргізіледі. Сонымен қатар, ағаштардың түбіне ағаш үгінділері төселеді. Ол топырақтағы ылғалды сақтап, қыста тамырдың тоңып қалмауына көмектеседі. Өскен ағаштардың тіреуіш жіптері алынып тасалады. Қажет болған жағдайда бұтақтарына күтім жасаймыз, – деді бригадир.

Мамандардың айтуынша, ағаштарды күннің аптап ыстығында суаруға болмайды екен. Өйткені, мұндай кезде жапырақтар күйіп қалуы мүмкін. Сонымен қатар, судың едәуір бөлігі буланып кететіндіктен, суару жұмыстарының тиімділігі төмендейді. Сәкен Келдібаевтың сөзінше, алма ағаштарының сорттары олардың пісу мерзіміне қарай арнайы жоспар негізінде таңдалған. Мәселен, «Белый налив» сорты ерте пісетін болса, «Антоновка» алмасы қыста ұзақ сақтауға қолайлы. Бір алманың орташа салмағы 120-150 грамм дейін жетеді. Бұл көрсеткіш ағаштардың дұрыс күтім көріп, қолайлы жағдайда өсіріліп жатқанын аңғартады.

Биылғы ауа райының құбылмалығы алма бағына да әсерін тигізбей қоймады. Көктемгі үсіктің салдарынан бірқатар «Антоновка» сорты зақымданған. Соған қарамастан, мамандар табиғи факторлардан гөрі адам әрекеті мен қараусыз жүрген жануарлардың баққа келтіретін зияны әлдеқайда көп екенін айтады. Олардың сөзінше, кейбір келушілер ағаш бұтақтарын сындырып, жас көшеттерді зақымдаса, қараусыз жүрген жануарлар да өсімдіктердің қалыпты өсуіне кедергі келтіреді. Сондықтан, мамандар тұрғындарды қоғамдық мүлікке жауапкершілікпен қарап, алма бағының сақталуына ортақ үлес қосуға шақырады.

– Кейбір тұрғындар иттерін бос жібереді. Олар топтасып, жас көшеттерді сындырып кетеді. Өкінішке қарай, мұндай



жағдайлар жиі кездеседі. Одан да өкініштісі – өткен жылы отырғызылған павлония ағаштарының тағдыры. Еуропадан әкелінген, ірі жапырақты бұл ағаштар көмірқышқыл газын көбірек сіңіріп, молырақ оттегі бөліп, саялы көлеңке береді деп жоспарланғанбыз. Алайда, белгісіз біреулер 50 көшеттің 50-ін де сындырып кеткен. Қыста бәрін арнайы қаптап, балаша бағып-күттік. Көктемде ашып қарасақ, сынып қалған. Жүрегіміз ауырады. Қала тұрғындары нәліктен бұлай істейтінін түсіне алмай-ақ қойдық, – деді Сәкен Келдібаев.

Ағаштарды күтіп-баптаудың өзіндік тәртібі бар. Мамандардың айтуынша, әр бұтақ белгілі бір талапқа сай мұқият кесіліп, жаракаттанған тұсына арнайы қорғаныш май жағылады. Осындай жүйелі күтім мен тынымсыз еңбектің нәтижесінде бақтағы көптеген көшет тамырын тереңге жайып, бүгінде мол өнім бере бастаған.

Алма бағының бүгінгі жайкүйі табиғатты қорғау тек коммуналдық қызмет мамандарының ғана міндеті емес екенін айқын көрсетеді. Көшеттерді отырғызу мен оларды күтіп-баптауға қомақты қаражат пен үлкен еңбек

жұмсалғанымен, тұрғындар тарапынан жанашырлық болмаса, мұндай бастамалардың нәтижелі болуы қиын. Сондықтан, қоғамдық игілікке айналған жасыл желекті сақтау – әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі.

Мамандар экологиялық мәдениетті қалыптастыру жұмыстарына да ерекше көңіл бөлу керектігін айтады. Осы мақсатта мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында табиғатты қорғауға бағытталған тәрбиелік іс-шараларды көбейтіп, жастарды ағаш отырғызу мен оны күтіп-баптау жұмыстарына тарту керектігін айтады.

Сондай-ақ, тұрғындардың өздері де қоғамдық игілікке бейжай қарамауы тиіс. Егер қоғамдық мүлікке зиян келтіретін әрекеттерге куә болса, тиісті ескерту жасап немесе жауапты мекемелерге хабар бергені жөн. Өйткені, бүгін аман қалған әрбір көшет – ертеңгі саялы көлеңке. Таза ауа мен келер ұрпаққа қалатын жасыл мұра. Табиғатты қорғау – бір мекеменің ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті.

Жанерке ДӘУЛЕТБЕК,  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Суретті түсірген автор



## ТАҒЫМ

## ҚАЗАҚТЫҢ «КЕРЕЙ ХАНЫ»

Қазақ театр және кино өнерінің көрнекті өкілі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының актері Қайрат Кемаловтың дүниеден озғанына бір жыл толуына орай өнер несінің тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылып, жарқын бейнесін ұлықтауға арналған тағылымды шара өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова мәдениет және өнер саласының өкілдері, әріптестері мен шәкірттері қатысып, сахна саңлағы туралы жүрекжарды естеліктерімен бөлісті.



## Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей сөз сөйлеп, Қайрат Кемаловтың өнердегі және өмірдегі болмысына тоқталды.

– Бүгінгі тағылымды шара – Қайрат ағамыздың саналы ғұмырында атқарған еңбегіне, өнер жолындағы өлшеусіз қызметіне көрсетілген зор құрмет пен тағзым. Мен үшін Қайрат Кемалов өнер әлемінің есігін ашқан тұлға, өмірлік ұстазым болды. 10-сыныпта оқып жүргенімде алғаш рет Сәкен театры сахнасында сомдаған рөлін көріп, ерекше әсер алдым. Кейін

мектебімізге арнайы шақырып, жастармен кездесулер ұйымдастырды. Сол сәттен бастап екі жыл бойы тәлімін алып, жанында жүру бақыты бұйырды. Уақыт зымырап өтсе де, Қайрат ағамыздың жарқын бейнесі, адамгершілік қасиеті мен өнерге адалдығы жүрегімізде сақталып қалды. Соңында өшпес із, мол рухани мұра қалдырды. Оның сахнада сомдаған бейнелері мен шығармашылық жолы әлі талай буын өнерпазға өнеге болып, рухани азық беретініне сенемін. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! – деді Әлібек Үсеңді.

Сонымен қатар, Рымбала Омарбекова да сөз алып, Қайрат Кемаловтың азамат-

тық болмысы мен шығармашылық тұлғасына ерекше тоқталды. Терең білімге құптарлығы жайында сөз қозғап, кейінгі буынға қамқорлығын тебіреніспен еске алды.

– Қайраттың актерлік шеберлігі өз алдына бір төбе. Ол өнерімен ғана емес, терең білімімен, ізденімпаздығымен де дараланды. Кейінгі буынның кәсіби қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. Қайратты тыңдап отырып, оны сырттай бақылаған сайын: «Бір адамның бойына осыншама талант қалай сыйған?» деген ой еріксіз келетін. Оның болмысында өзге ұқсамайтын ерекше келбет, жүзінен төгілген табиғи жылылық бар еді. Ал, қоңыр да әсерлі үні, анық дикциясы – оның актерлік қолтаңбасына айналды, – деді Рымбала Кенжебалақызы.

Адамның ғұмыры мен еңбегіне берілетін ең үлкен баға – халықтың құрметі. Өнерімен ел жүрегінен орын алған Қайрат Кемаловтың да ғибратты ғұмыры, өнегелі жолы бүгінде ізгі естелікке айналды. Марқұмның әулеті атынан сөз сөйлеген Асылхан Сейдімбек бауырымен бірге өткен балалық, жастық шақтағы естелігімен бөлісті. Өрі көрсетіліп жатқан құрмет үшін ұйымдастырушылар мен театр ұжымына ризашылығын білдірді.

Өнерге адалдықтың, өз ісіне деген шынайы сүйіспеншіліктің үлгісін көрсеткен талантты актердің есімі кейінгі ұрпаққа өнеге болып қала бермек. Ал, сахнада сомдаған жарқын бейнесі мен өнердегі өнегелі жолы, адамгершілік қасиеті ел жадында мәңгі сақталы.

Суреттер ұйымдастырушылардан

## ТУРНИР

## Боулингте бақ сынасты

БАҚ қызметкерлері күні қарсаңында журналистер арасында облыстық боулинг турнирі өтті. Мерекелік сайыс Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облыстық филиалының ұйымдастыруымен, Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

## Жәле ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Турнирдің ашылу салтанатында Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожухов журналистер қауымын кәсіби мерекемен құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

– Еңбектеріңіз қашан да құрметке лайық. Сенімді ақпарат таратып, өңір дамуын жүйелі насихаттап, түрлі салада қалам тербеп, мазмұнды еңбек етіп келесіздер. Еңбектеріңіз жемісті болып, толайым табыс тілеймін. Сәтін салса, алдағы уақытта бұл турнирді дәстүрлі түрде өткізуге ниеттіміз, – деді Мейрам Қожухов.

Сайысқа 10 команда қатысты. Алғашқы кезеңде командалар жарты сағаттық фрейм бойынша бақ сынады. Нәтижесінде үздік шыққан алты команда ақтық кезеңге жолдама алды. Плей-офф кезеңі де 30 минутқа созылып, қатысушылар шешуші сында шеберлігін ортаға салды.

– Бір сәт жұмыстан алшақтап, осылайша бас қосу әрқайсымызға ерекше әсер сыйлайтыны рас. Бейресми жағдайда жүздесіп, достық қарым-қатынасты нығайту – бәріміз үшін маңызды. Ұйымшылдығымыз артып, бірлігіміз ажырамай, еңбектеріміз еселене берсін! – деді Қазақстан Журналистер одағы



облыстық филиалының төрағасы Жәнібек Садықанов.

Қорытындыда үздік командалар ұпай санына сәйкес анықталды. Жүлделі ІІІ орынды екі команда – «Karaqanda» ұжымы мен облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газеті иеленді. ІІ орынға ардагер журналистер мен редакторлардан құралған «Арландар» командасы тұрақтады. Ал, І орынды «Saryaqqa» телеарнасының ұжымы еншіледі.

Марапаттау рәсімі барысында журналистика саласында елеулі еңбек етіп жүрген бірқатар әріптеске де құрмет көрсетілді. Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасымен Аман Хамит, Сайран Ақан-

баев, Станислав Песнев, Елена Унянкина, Саят Сабадалы және Бекзат Тұрмағанбет марапатталды.

Сондай-ақ, «Үздік ойын көрсеткені үшін» арнайы жүлдесі «Saryaqqa Aqparat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда, «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясы «Karaqanda» сайтының директоры Сергей Забурдяевқа, ал, «Көрермендер көзайымы» Айсұлтан Жақыпқа берілді.

Салтанатты шарада әріптесіміз Мағжан Құдайбергента Қазақстан Журналистер одағының ресми куәлігі мен төсбелгісі табысталғаны да айта кеткен абзал.

Сурет ұйымдастырушылардан

## ПРЕМЬЕРА

## Бір кезеңнің кескіні

Бүгінде режиссер Елзат Ескендірдің «Әбіл» көркем фильмі халықтың ыстық ықыласына бөленіп жатыр. Елдің аузында – «Әбіл». Бұл фильм Қазақстанды былай қойғанда жаһанның талғамы биік көрермені мен кино сарапшыларын да баурап алып, әлемдік деңгейдегі жоғары марапаттарға ие болды. Фильмнің әлемдік премьерасы 2024 жылы Пусан халықаралық кинофестивалінің New Currents бағдарламасы аясында өткен. Кейін Картина Азия мен Еуропадағы 10-нан астам халықаралық кинофестиваль бағдарламасына қатысып, қатарынан 10 жүлдеге ие болды.



## Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Франциядағы Vesoul International Film Festival of Asian Cinemas фестивалінде Бас жүлде, қазылар алқасының арнайы жүлдесі және сыншылар жүлдесін жеңіп алды. Мюнхен және Гетеборг халықаралық кинофестивальдерінің бағдарламаларына қатысты. Фильмнің халықаралық деңгейдегі басқа да марапаттары бір төбе. Bishkek International Film Festival фестивалінде «Үздік актер» жүлдесі, Da Nang Asian Film Festival фестивалінде «Үздік әйел ролі» жүлдесі, Silk Road International Film Festival фестивалінде «Үздік ер ролі» жүлдесі, Dhaka International Film Festival фестивалінде «Үздік ер ролі» және «Үздік операторлық жұмыс» жүлдесі, Франциядағы 17-UniverCine Nantes Film Festival фестивалінде Jury Prize және «Көрермендер ықыласы» жүлдесі. Фильм 2 жыл бойы түсірілген.

Данкы әлемге тараған фильмнің Қазақстандағы алғашқы премьерасы Алматыда өтті. Алатаудың етегінен Арқа қарай келе жатыр дегенді естіп, «Сарыжайлау» кинотеатрына асықтық. Залға кіріп келсек, атқамінерлер, қаламгерлер, ғалымдар, өнер сандақтары лық толышты. Бір сөзбен айтқанда, осы өңірдің зиялылары орын іздеп жанталасып жүр.

«Әбіл» фильмі 1990 жылдардың басындағы тарихи кезеңді, жекешелендіру кезеңіндегі ауыл өмірін және қарапайым шопан Әбілдің тағдырын баяндайды. Картина қоғамдағы ауқымды өзгерістердің қарапайым адамдардың өміріне қалай әсер еткенін шынайы бейнелейді.

Фильмдегі басты рөлді белгілі дәстүрлі әнші, композитор, публицист және өнертанушы Ерлан Төлеутай сомдаған. Оның актерлік шеберлігі халықаралық фестивальдерде жоғары бағаланып, бірнеше мәрте «Үздік актер» аталымының жеңімпазы атанды.

Фильм Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен және «Шәкен Айманов атындағы Қазақфильм» ұлттық киностудиясының қатысуымен түсірілген.

1990 жылдардың басындағы кезең туралы осы уақытқа дейін түрлі фильм түсірілді. Әр туынды кезеңнің қиындығын арқалай суреттейді. Әсіресе, базарларда саудагерлерді «сметчикке» қойған рәкеттердің «романтикасы» басымдық. Қара күртеше киіп, ақша үшін төбелескен, атысқан, бір-бірін өлімге қиған бірқалық сюжеттік желі. Тоналған базарлар мен үйлер, ішкерге ас іздеп сабылған жұрт, талқандалған тағдырлар. Бір сөзбен айтқанда, тек қаладағы тағдырлар режиссерлердің назарына ілігіп келді. Бірақ одақ ыдырағаннан кейін талаң-таражға түскен колхоз өмірінің тақырыбына ешкім барған жоқ. «Әбіл» фильмінің ерекшелігі осында. Фильмде Алматының іргесіндегі бір ауылда иесіз қалған отар-отар қой мен қора-қопсыны бөліске салған шенеуніктер мен Әбіл қойшының және оның отбасының талайлы тағдыры баяндалады.

Әбіл – ғұмыры қой соңында өткен, жыл санап қой басын өсіріп, партияға қалтқысыз қызмет еткен, содан қалжыраған, қажыған байғұс қазақ. «Еңбегім елеңді-ау!» деген үміті ақталмайды. Тойымсыз, қанағатсыз, озбыр совхоз директоры

Әбілге тиесілі қойды да, тіпті, астындағы қотыр тайды да тізеге басып алып кетеді. Ол соған күйінеді, манайдағы әділетсіздікке қарап, көкірегі қарс айрылардай күйге түседі. Фильм барысында Әбілдің бойынан қазақтың болаттай мінезін көресіз, сезінесіз.

Ерлан Төлеутай образды өте сәтті сомдап шыққан. Өне-міне өкісіп жіберетіндей эпизодтарында демімізді ішке тартып отырдық. Әбілмен бірге өкісіп жіберердей... Оның ішкі жан күйзелісі, өкініші, қасіреті тұла бойыңызбен өтеді.

Совхоз директорынан жоқшылық әбден қанына сіңген, мал-мүлік үшін әлсіздерді табанының астына салып жіберетін озбыр, қомағай, билік, мансап үшін бәрине эзир, «қаны бұзылған» қазақты көресіз.

Әбіл шопанның қаладан келген үлкен баласы – қалада түлкі ғұмыр кешкен, қарызға әбден батып, әркімге бір жалтақтап, адасқан ұрпақтың бір өкілі. Ол да кеп ешкімнің ала жібінен аттағысы келмейтін, соны үшін өлген көңілі тозған Әбілді қажап бітеді.

Ал, совхоздың жарығы өшкен жұпаны бір тамызда талаң-тараждан қалған кәрі қойдың сүйегін мүжіген немерелер – болашағы бұлыңғыр ұрпақ. Заманның бұлыңғыр ала, пәк періштелер. «Мына балаларыңды қалаға жіберіп оқытпайсыз ба?» деген сұраққа Әбіл «Әй, мына заманның не болатыны белгісіз. Осында қалып қой бағанды», – дегені де болашаққа деген сенімнің жоқтығын аңдатады. Бірақ, «ендігі үміт тек мыналарда» дейді кеудесіндегі үміттің соңғы тамшысын көзінен үзіп.

1986 жылы желтоқсанда алаңға шығып, сотталып, босап келген Қасен – елінің егемендігі үшін басын құрбандыққа шалған есіл ұрпақтың бір өкілі. Оның босап келуінің құрметіне дастархан жайылып, сонда біраз әңгіме айтылады. Әңгіме барысында желтоқсан көтерілісінің тақырыбы қозғалады. Совет одағының құлағанына қайғырғандар табылады. Бір ғана кеште қасіретті қазақ тарихы қотарылады. Өңіріміз бәрінде Әбіл үнісіз. Ащы судан ұрттайды да отырады.

Қадрлардың бірінде есікке ілінген ежелгі үндістің суретін көресіз. Сол үндіс те бизоны қырылып, жері, байлығы талаң-таражға түскен қасіретті қазақпен тағдырлас жұрт еді ғой.

Фильмде қазақтың Керей ханы аталып кеткен, театр өнерінің саңлағы, бүгінде көрерменнің сағынышына айналған Қайрат Кемаловты да көресіз.

Дастархан басындағы әңгімеде: – Бұның атасы кім еді, менің атам кім еді? «Керуен кері айналса, ақсақ түйе алдығы шығарды» деуші еді», – деп Әбіл күйінеді. Ол колхоз директоры мен соның жантайшаптарын меңзеп отыр.

– Ее-ее, жон, Әбеке. Өткен, заманыңнан не бұрын, не кейін туғаның ғой. Колхоздың өгізіндегі кеп жұмысты істейсің кеп, істейсің кеп. Қазір өгіз адам керек емес, түлкі адам керек, – дейді ауылдасы.

Осы диалогтың өзінде-ақ бір кезеңнің тұтас суретін көруге болатындай.

Түйіндей айтқанда, бұл жерде әркім қалауынша бөліске салған қазақтың қойы емес, байлығы. Ал, Әбіл – әділетсіздіктен көз ашпай, іші құсаға толған қазақтың протипі.

Сурет «Сарыжайлау» кинотеатрының баспасөз қызметінен

## ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqqa Aqparat» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары  
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары  
Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары  
К.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы  
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы  
С.Б. ПЛИЯШ

## Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

## Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,

Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұяқ жыры: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда

№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyq.kz@gmail.com; ortalyq.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyq.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе

41-26-82, 43-57-88

телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,

БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 108

№68 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН